СЕЙСЕНБІ
№95 (4489)
27.08.2024

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Президенттер сауда-экономика және энергетика салаларында бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толықтай жүзеге асыру қажет екенін атап өтті.

Сондай-ақ Владимир Путиннің Астанаға жоспарланған мемлекеттік сапарына дайындықтың сапалы болуын қамтамасыз етуге келісті.

Мемлекеттер басшылары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында өтетін БРИКС саммитіне қатысуға шақырғаны үшін Ресей Президентіне ризашылығын білдірді.

ҚЫС ШАНАҢДЫ ЖАЗ САЙЛА

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ?

Қазақстан күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындалып жатыр. Алайда кейбір өңірдің даярлығы төмен деңгейде екені белгілі болды. Біраз қазандықта жөндеу жұмыстары, тіпті басталмаған! Өзгесінде жаңғырту жұмыстары 60-70% ғана орындалды. Энергетикалық кәсіпорындардың миллиардтаған қарызы да өткен маусымнан «мұраға» қалып, сол бойы өтелмепті. Проблемаларды шешу бағытында не істеліп жатыр?

(Жалғасы 5-бетте)

БИЫЛ ҚЫРКҮЙЕКТЕ МЕКТЕПКЕ БАРАТЫН ОҚУШЫЛАР САНЫ 3,9 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ. ОНЫҢ 360 МЫҢҒА ЖУЫҒЫ МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АЛҒАШ АТТАҒАЛЫ ОТЫР. БІЛІМ КҮНІНДЕ РЕСПУБЛИКА КӨЛЕМІНДЕ 61 ЖАҢА МЕКТЕПТІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ЖОСПАРЛАНҒАН. ЖАЛПЫ, 2024 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗДЕ 536 МЫҢ ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН 302 ЖАҢА МЕКТЕП ЕСІГІН АЙҚАРА АШУЫ ТИІС.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында (2022 жылы) атап айтқан болатын.

Жоба аясында 2023-2025 жылдары еліміз бойынша 401 мектеп салу жоспарланып, бұл мақсатта республикалық бюджеттен 2,6 триллион теңге бөлу қарастырылды. Сонымен қатар жоспар бойынша жаңа мектептер ең заманауи құрал-жабдықтармен, қажетті оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы тиіс. Бастауыш және орта сыныптарды жеке асханалары, жуынатын бөлмелері, спорт залдары бар бөлек блоктарда оқыту ұсынылған-тын.

6 БЕТ

Айгүл ҚҰСПАН, Парламент Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің Төрайымы:

«АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ»

Қауіпсіздікті сақтау мен елдің қорғаныс қабілетін арттыру Қазақстан үшін бірінші кезектегі мәселелердің қатарында тұратыны сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та жыл сайынғы Жолдауларында бұл мәселеге тоқталмай өткен емес. Былтыр қорғаныс-өнеркәсіп кешені мәселесіне назар аударған. Ал Парламент Мәжілісі өткен сессиясында қорғанысқа қатысты бірқатар мәселе көтерді. Біз Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің Төрайымы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айгүл Құспанмен сұхбаттасып, қауіпсіздікке қатысты бірқатар сұрақ қойған едік.

– Мемлекет басшысы былтыр «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында қорғаныс-өнеркәсіп кешенін нығайтуды тапсырған еді. Аталған тапсырманың құқықтық базасы қалай жасақталып жатыр?

– Бұл еліміздің қорғаныс қабілеттілігі үшін өте маңызды. Шынында да, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында қорғаныс-өнеркәсіп кешендерін жан-жақты нығайтудың маңызын ерекше атап өтті. Президент дамыған мемлекеттерде қорғаныс өндірісі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынына баса маңыз бөлді. Осы орайда Мемлекет басшысы қорғаныс өнеркәсібін дамыту мәселелерін үнемі назарында ұстайтынын айта кеткеніміз жөн. Мәселен, 2023 жылғы наурызда «Қазақстан Парамаунт инжиниринг» зауытында болып, мемлекеттік қорғаныс тапсырысын жоспарлау мерзімін 3 жылдан 5 жылға дейін қайта қарауды тапсырған болатын. Депутаттық корпус та бұл мәселені назардан тыс қалдырып отырған жоқ. Біздің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті мемлекеттік қорғаныс тапсырысы және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері бойынша дөңгелек үстел, тақырыптық отырыстар өткізеді.

Бұдан бөлек, 2023 жылғы 16 қазанда Президент қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, мемлекеттік авиация, қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасына бастамашылық жасадым. Президенттің сіз айтқан тапсырмасын біз қорғаныс өнеркәсібін өндіруге шарт жасасу тетігі арқылы заң жүзінде ресімдедік.

Бұрын мұндай келісім тек 3 жылға жасалуы мүмкін еді.

Мысалы, Орал қаласындағы «Зенит» зауыты 1993 жылдан бастап әскери кеме жасаумен айналысады, бұл – технологиялық тұрғыдан ұзақ өндіріс. Зауыт технологиялық мерзімі 4 жыл болатын көпфункционалды кеме жасайды. Ал заңнама тек 3 жылға шарт жасасу мүмкіндігін қарастырды. Енді біз қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарына ұзақ мерзімге шарттар жасасуға мүмкіндік беретін түзету енгіздік. Бұл, мысалы өнімді дайындаудың технологиялық мерзіміне сүйене отырып, шарттың мерзімін анықтауға, бірнеше жыл ішінде қару-жарақ пен әскери техниканың үлкен партиясына шарт жасасуға, сынақтар жүргізу мерзімдерін және қару-жарақ пен әскери техниканы алушыларға тапсыруды ескеруге кең мүмкіндіктер ашады. Бұл түзету бюджетке түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, ал қорғаныс-өнеркәсіп кешендері кәсіпорындары өз өндірісін ұзақ мерзімге жоспарлай алады.

(Жалғасы 4-бетте)

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

САРҒАЙМАҒАН АСТЫҚТА САПА БОЛА МА? 3

ЕСКІ ҮЙДІҢ СӘУЛЕСІ МЕН ӘУРЕСІ 6

COVID ҚАЙТА ӨРШІСЕ, ЕКПЕ САЛЫНАДЫ

Қазір елімізде коронавирусқа қарсы вакцинация жүргізіліп жатқан жоқ, бірақ эпидемия өршіген жағдайда мәселе қарастырылады. Бүгінде коронавирус инфекциясымен 1 290 адам тіркелген. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.

Тамыз айы басталғалы 27 адам коронавирусқа шалдыққан, оның ішінде 13 науқас Астанада, 5-еуі Алматыда және Маңғыстау облысында, тағы біреуі Ақмола облысында. Пневмониямен ауырған КВИ-дің тағы үш жағдайы Астанада, Ақмола және Қостанай облысында тіркелген. Науқастардың бәрі кәмелетке толған және өлім тіркелмеген.

Денсаулық сақтау министрлігі коронавирус індеті жағдайын тұрақты деп бағалап отыр. Қазақстандықтар ұжымдық иммунитетті қалыптастырды және вакцинаға сұраныс жоқ. Алайда пессимистік жағдайда әрекет етуге дайын.

«КВИ эпидемиясы өршіген жағдайда министрлік вакцина алу мәселесін қарайды», – деп толықтырды ведомство өкілдері.

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанда немесе Ресейде өндірілетін ПТР-тесттерді пайдаланады. Ведомстволық мәліметінше, олар сақтау мерзімі мен жарамдылығын ескере отырып, жыл сайын сатып алынады, содан кейін ғана кәдеге жаратылады.

БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ КАРТАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі жастағы балалардың даму картасын автоматтандырды.

Министрліктің баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл карта балалардың дамуын бақылауға және олардың бойында дағдылардың қаншалықты қалыптасқанын бағалауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры атап өткендей, бұл карта бастауыш сынып педагогтері үшін балалардың мектеп бағдарламасын одан әрі меңгеруінде маңызды құрал болмақ. Карта цифрлық форматқа ауыстырылып, Ұлттық білім беру деректер базасымен интеграцияланған, бұл мектептерге ақпаратты беруде мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді.

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму картасы бізге әр баланың қажеттіліктерін тереңірек түсінуге және оны мектепте сәтті білім алуға дайындауға мүмкіндік береді. Картада дамудың барлық маңызды аспектілері көрсетілген: физикалық жағдайы, Типтік оқу бағдарламасын меңгеру барысында қалыптасатын коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, зерттеушілік және әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары. Мұндай жүйелі тәсіл сапалы білім беруді қамтамасыз етеді және балалардың бастауыш мектепте сәтті бейімделуіне ықпал етеді», – дейді Манар Адамова.

Айта кетейік, елімізде 2-6 жас аралығындағы шамамен 1 млн баланы қамтитын 11,5 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ – 1,2 ТРЛН ТЕҢГЕ

Қаржы министрлігі 2024 жылғы 1 тамызға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп жариялады.

Құжаттағы сандардан бюджет кірісінің алты айдағы жоспары 11,5 трлн теңге болғанымен, қазынаға түскені 10,2 трлн теңге екенін көруге болады. Яғни, бюджет кірісінің тапшылығы 1,29 трлн теңге болған.

Жоспардың орындалмауына салық түсімдерінің ойдағыдай болмауы қатты әсер еткен – 7,75 трлн теңгенің орнына 6,06 трлн теңге кірген. Яғни, салық түсімдерінің тапшылығы 1,69 трлн теңгеге дейін жеткен. Алайда мемлекет меншігіндегі активтердің кірісі, бюджет кредиттерінің сыйақысы сияқты салықтық емес табыстар артығымен орындалған – 120,6 млрд теңгенің орнына 876,8 млрд теңге түскен.

Ал Ұлттық қордан алынуы керек болған 3,4 трлн теңгенің орнына 2,9 трлн теңге игерілген.

Осының бәрі бюджет шығысының да толық орындалмауына әсер етсе керек, 13,6 трлн теңгенің орнына 12,9 трлн жұмсалған.

11 ЖОЛ АҚЫЛЫ БОЛАДЫ

Көлік министрлігі биыл 11 жол учаскесі ақылы болатынын және бұл жолдарда ақы алу жүйесі қашаннан бастап енгізілетінін мәлім етті.

«Қазір ел аумағында жалпы ұзындығы 3,2 мың шақырым болатын 17 ақылы автожол учаскесі бар. Бұл учаскелер 2013-2023 жылдар аралығында кезең-кезеңімен пайдалануға берілді. Олардың ішінде «Астана-Щучинск» (211 шақырым), «Астана-Теміртау» (134 шақырым), «Алматы-Қонаев» (42 шақырым), «Алматы-Қорғас» (295 шақырым), «Астана-Павлодар» (375 шақырым), «Қонаев-Талдықорған» (186 шақырым), «Тараз-Қайнар» (238 шақырым), «Шымкент-Қызылорда» (447 шақырым), «Шымкент-Тараз» (90 шақырым), «Шымкент-Ташкент» (84 шақырым), «Щучинск-Көкшетау» (61 шақырым), «Павлодар-Қалбатау» (453 шақырым), «Бейнеу-Ақжігіт» (85 шақырым), «Орал-Самара» (56 шақырым), «Павлодар-Омбы» (198 шақырым), «Көкшетау-Петропавл» (169 шақырым) және «Орал-Саратов» (99 шақырым) сияқты маңызды магистралдар қамтылды. Атап айтқанда, биыл жол-жөндеу жұмыстарының аяқталуына қарай жалпы ұзындығы 2,2 мың шақырым болатын автожолдың 11 қосымша учаскесінде ақылы жүйені енгізу жоспарланған», – делінген министрліктің Kazinform агенттігіне берген жауабында.

Осы учаскелердің ішінде мына жолдар қамтылған: «Қызылорда-Арал» (455 шақырым), «Ақтөбе-Мәртөк» (92 шақырым), «Қостанай-Троицк» (163 шақырым), «Ақтау-Бейнеу» (454 шақырым), «Қостанай-Денисовка» (169 шақырым), «Шу-Бурылбайтал» (184 шақырым), «Үшарал-Достық» (180 шақырым), «Балқаш-Бурылбайтал» (91 шақырым), «Қандыағаш-Мақат» (332 шақырым), Тараз қаласын айналып өту (57 шақырым) және Қарағанды қаласын айналып өту (48 шақырым) жолы.

«Бұл жолдарда ақылы жүйені енгізу олардың жағдайы мен қызмет көрсету сапасын жақсартуға, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Қазір жалпы ұзындығы 710 шақырым, яғни «Қызылорда-Арал» (455 шақырым), «Ақтөбе-Мәртөк» (92 шақырым) және «Қостанай-Троицк» (163 шақырым) автожолдардың үш учаскесінде ақы алу жүйесін (ААЖ) енгізу бойынша нормативтік-құқықтық актілердің (НҚА) жобалары әзірленді. Осы учаскелерде ААЖ енгізу биылдың 1 қазанынан басталады деп жоспарланған», – делінген министрлік ақпаратында.

АВТОЖОЛДАРДА АПАТ КӨБЕЙГЕН

Түрлі апат пен оқыс оқиғалар жөніндегі жаманат хабарлар арасында автожолдардағы жол-көлік оқиғалары салдарынан адамдардың ажал құшып, түрлі деңгейдегі жарақат алып жатқаны жөніндегі жайсыз ақпарат тым жиілеп кетті. Жолдар жақсарған сайын жол-көлік оқиғалары азаятын шығар деп ойлайтынбыз. Бірақ қазіргі жағдай бұған керісінше сипат алып тұрғандай.

Басқаны айтпағанда, Алматы – Талдықорған, Алматы – Қорғас, Алматы – Тараз арасын жалғастырып жатқан жаңа автобанның бойында күн сайын жол апаты тіркеліп жатады. Үлкен жолдардағы көрініс осылай болғанда, ауылдардың арасын жалғайтындардың да жағдайы оңып тұр деп айту қиын-ақ. Алматы облысының Алматы қаласы маңындағы ауылдарында тұратындардың елді мекендер ортасынан немесе жанынан өтетін жолдардың аса қауіптілігін айтып, жиі-жиі наразылыққа шығуы да бекер емес-ау деп ойлайсың осындайда...

Жалпы жолды күтіп-ұстау, тиісті тұстарға жол белгілерін орнату, жүргізушілер мен жолаушылардың, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Осыған байланысты соңғы кездері қоғамдық пікірлерге өзек бола бастаған жол-көлік оқиғаларының тым жиілеп кетуінің себебін анықтауды мақсат еткен полиция қызметкерлері Алматы облысы аумағындағы жолдардың жағдайын мұқият тексеруді жалғастыруда. Жыл басынан бері жүргізіліп келе жатқан тексерулер барысында талай-талай кемшіліктің беті ашылып, оларды тез арада жоюға қатысты жауапты жол ұйымдарына 923 ұйғарым жолданыпты.

«Әкімшілік полиция басқармасындағы жол-техникалық инспекциясының инспекторлары жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және адамдардың қаза табуы мен жарақаттануын болдырмау мен алдын алу, санын азайту мақсатында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, оның ішінде мемлекеттік және жергілікті маңызы бар жолдарды жүйелі түрде тексеріп отырады. Осындай тексерулер барысында жолдағы апаттардың туындау себептерін білуге баса назар аударамыз. Анықталған кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдар шығарамыз. Олар орындалмаса, тағы да басқа тиісті шаралар қолданамыз, – дейді Алматы облыстық Әкімшілік полиция басқармасының бастығы Еркебұлан Ахметов.

Алматы облысы аумағындағы жалпы пайдаланымдағы автожолдардың ұзындығы 12 мың шақырымнан асады, оның ішіндегі 1 740 шақырымы республикалық және халықаралық маңызы бар жолдар, 3 370 шақырымы облыстық және 6 890 шақырымы жергілікті маңызы бар автожолдар санатында.

Алматы облыстық Әкімшілік полиция басқармасы басшысының айтуынша, жалпыға ортақ пайдаланымдағы автожолдар жиі тексеріліп тұрады. Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін 222 лауазымды тұлғаға жалпы сомасы 10 миллион теңгеден астам айыппұл санкциялары салу арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартылыпты. Сонымен қатар көше-жол желісіндегі кемшіліктер үшін бірқатар аудан әкімдері мен ТКШ басшылары жазаланған.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ – ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

Түркістан өңірінде тұрғындар тарапынан түскен өтініштер кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында кезекті рет жеке қабылдау өткізіп, азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдады. Өңір басшысы халықтың өтініштерін мұқият тыңдап, барлық мәселе тек заң талаптары аясында шешілетінін атап өтті. Тұрғындар талабына қатысты жан-жақты жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

Қабылдауға келген азаматтың бәріне заңды-құқықтық тұрғыдан, мәселелерінің шешілуіне бағыт-бағдар берілді. Олардың кейбірі өз сұрақтарына қатысты түсіндірме жауап алып, көтерген мәселелердің шешу жолын білді.

Еркін форматта өткен қабылдауда азаматтың барлығы бұл жолы жеке мәселелерін айтты. Баспана мәселесін көтеріп келгендер, әлеуметтік көмек сұрағандар бар. Енді біреулері кәсіп ашуға қолдау сұраса, тағы бірі жұмысқа орналастыру жайлы айтып келді. Баспанасының апатты жағдайда болуына байланысты берілген үйін кеңейтуге көмек сұрағандар болды. Тағы бір тұрғын кәсіпкерлер тарапынан берілген үйін ауыстырып беруді өтінді.

Қабылдауға құқық қорғау органдары мен тиісті басқарма басшылары, жауапты мамандар қатысып, туындаған мәселенің оңтайлы шешуіне атсалысты.

Аймақ басшысы жеке қабылдауға келген азаматтардың мәселесін сала мамандарымен бірге қарап, заң аясында әрекет ету туралы нақты тапсырмалар берді. Сұрақтар жан-жақты қаралып, заңдылығына қарай шешіледі.

Облыс әкімінің қабылдауына eGov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы және әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазылған тұрғындар мәселесі бойынша тиісті тапсырмалар берілді. Айта кетейік, облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылуды Түркістан облысы әкімі аппаратының өтініштерді қарауды бақылау бөлімі жүргізеді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

САРҒАЙМАҒАН АСТЫҚТА САПА БОЛА МА?

Елімізде 2,4 млн тонна астық бастырылып, 1,1 млн тоннасы жиналған. Дақылдардың 76%-ы жақсы, ал 22%-ы қанағаттанарлық деңгейде болып тұр. Толассыз жауған жаңбыр егін жинау қарқынын едәуір бөгеп жатыр. Осыған байланысты Үкіметте жедел штаб құрылып, өңірлерді астық кептіру агрегаттарымен және оларға арналған отынмен қамтамасыз ету мәселесі талқыланды.

Бердібек ҚАБАЙ

Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен күзгі дала жұмыстары мәселелері жөніндегі жедел штабтың алғашқы отырысы өтті. Жиында үздіксіз егін жинау науқанына кедергі келтіретін мәселелерді дереу шешу керек екені сөз болды. Әйтпегенде астық сабақ басында тұрып-ақ жарамсыз күйге түсетін түрі бар. Осыны қаперіне алған вице-премьер жаппай егін жинау науқыны әкімдіктердің, қаржы институттарының, мемлекеттік органдардың, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысын үйлестіру Үкіметтің бақылауымен жүзеге асырылатынын жеткізді. Демек, жиынтерін жұмыстары түгел бір орталықтан бақыланып, жүйеленеді деген сөз.

Жақында Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Азық-түлік корпорациясы» АҚ өкілдері жергілікті жерлерде егін жинау жұмыстарын жедел басқару үшін өңірлерге барып жағдаймен жақсылап танысып қайтқан. Ал 23 тамызда вице-премьер Серік Жұманғариннің өзі еліміздің негізгі астық егетін өңірлерінің бірі – Ақмола облысына барып, мәнжайды өз көзімен көріп келді. Осыдан кейін жағдайға бел шеше араласуы керегін ұққан вице-премьер бірталай шараның шешімін жеделдетіп жатқан көрінеді

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың айтуынша, бүгінде негізгі астық егетін өңірлерде тәулігіне жалпы қуаты 820,6 мың тонна болатын 1301 астық кептіру агрегаты бар. Осы кептіру агрегаттарының жұмысы үшін 61 мың тонна арзандатылған дизель отынына өтінімдер келіп түскен. Бірақ кейбір облыстарда кептіргіштер сұйытылған газбен жұмыс істейтіні белгілі. Сондықтан бұл қондырғыларға арзандатылған бағада газ қажет екенін баяндады. Өз кезегінде Премьер-Министрдің орынбасары С.Жұманғарин АШМ мен ЭМ-ге кептіру агрегаттары үшін қажетті сұйытылған газ көлемін есептеп, фермерлерді арзандатылған отынға кезекте тұрғандар тізіміне қосуды тапсырды. Сондай-ақ әкімдіктерге фермерлердің мобильді кептіру агрегаттарына деген қажеттілігін есептеу, ал қаржы институттарына аталған құрылғыларды сатып алуды субсидиялау мүмкіндігін пысықтау тапсырылды.

«Енді осыдан былай жаңадан жиналып жатқан астық түрлерін ішкі нарыққа және экспортқа үздіксіз жеткізуді ұйымдастыру үшін жылжымалы құрамды жедел үйлестіру қажеттігі туындайды. Осы мақсатта Ауыл шаруашылығы, Көлік министрліктері, Азық-түлік корпорациясы, ҚТЖ және әкімдіктер апта сайын, ал жаппай егін жинау кезеңінде – күн сайын селекторлық кеңестер өткізіп, нәтижелерін үнемі ашық түрде баяндап отыруы қажет, – деді С.Жұманғарин жедел штаб жиынында.

Ал орталық коммуникациялар қызметінді болған брифингте Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға жеңілдікпен несие берудің жаңа бағдарламасын іске қосуға дайындалу үстінде екендігі айтылды. Бұл мақсатта қазынадан қосымша 30 млрд теңге бөлу жоспарланып отырған көрінеді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрековтің мәлімдеуінше, Үкімет 2028 жылға дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың кешенді жоспарын қабылдағанын еске салды. «Жақын арада отандық шикізатты сатып алу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына жылдық 5% жеңілдікпен несиелендірудің жаңа бағдарламасы іске қосылады. Бүгінде осы мақсаттарға алғашқы 30 млрд теңге бөлу мәселесі пысықталуда», – деді Ербол Тасжүреков. Демек, бұл мемлекеттің астық пен дәнді дақылдарды сақтау мен экспорттау ісіне едәуір қолайлылық туғызары сөзсіз.

ӨНГЕН БИДАЙ ӨНІМ БОЛМАС

Башқұртстанда шаруалар шілде айының соңынан бастап егістікке шыға алмай қалды. Салдарынан диқандар күздік бидайды да толық жинап үлгермеген. Енді, міне жаздық астықты жинау уақыты келгенімен жаңбыр тағы да кедергі келтіріп отыр. Қазір астық сапасы төмендеп, шаруалар шаш етектен шығынға бата бастаған.

Бидай орылмай тұрып-ақ жауын-шашын кесірінен әбден суланған. Мұның салдарынан астық сабақ басында қайта өніп кетуі әбден мүмкін. Башқұртстандық диқандар осындай келеңсіздікке душар болуда. Қазақстандық фермерлер де биыл бұл жағдайды бастан кешуіміз әбден мүмкін деп дабыл қаға бастады. Егер бидай мұндай келеңсіз жағдайға ұшыраса, жем-шөп қана болады. Кейде бұған да жарамай қалуы ықтимал. Фермер егінді 5% ылғалдылыққа дейін кептіріп, өну мен көгеру процестерін тоқтатса астық сапасыз болса да әупірімдеп жүріп іске жаратуға болар еді. Әдетте, ылғалды бойына көп тартқан астық дәніне микотоксиндер жиналып, қарайып күйіп кетеді. Бұл жағдайда дақыл, тіпті жемге де жарамай қалады. Әрине, осындай келеңсіздікті болдырмас үшін терең өңдеу ісі өз септігін тигізері анық. Жоғарыда өңдеуге деп қосымша 30 млрд теңге бөлу жоспарланып отырғанын айттық. Одан бөлек, Астанада, Қостанайда және солтүстікте жаңа технолоргиямен жабдықталған астықты терең өңдеуге арналған кешендер салынуда. Бірақ бұл кешендердің дені келесі жылы болмаса осы жылы астықты қоймаға кіргізе алмасы анық. Үкімет осыны ескеріп қосымша қаражат қарастыруда.

Сонымен қатар биыл сапасыз астық көрші елден де лап қоюы әбден мүмкін деген жорамал да жоқ емес. Егер жылдағыдай көршілерден арзан астық тасыған делдалдарға тиым болмаса, өзіміздің фермерлер тұралап, банкрот болуы да мүмкін. Мемлекет меңзеп, Үкімет ескерген бұл жағдайға байланысты биыл шектеу түрі қатаңдатылып отыр. Смайылов Үкіметінің ресейлік өндірушілердің экспортына еркіндік беріп қоюы кесірінен, 2023 жылы РФ-тан жеткен бидай импорты 2,6 миллион тоннаға жетіпті. Оны сатып алу үшін Қазақстан 355 миллион доллар төлеген. Сөйтіп, көршіден арбаланған астықтың көлемі 2022 жылғы деңгейге қарағанда бірден 44%-ға артып шыға келді. «Енді мұндай алыпсатарлыққа жол берілмейтінін кесіп айтты» Үкімет.

Бұл тыйым 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге енгізілген екен. Құжат 15 тамызда қабылданғаны туралы айтқан Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов, бұған дейін министрдің 11 сәуірдегі №125 бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 11 сәуірден бастап Қазақстан аумағына автомобиль, су және теміржол көлігімен бидай әкелуге 6 ай мерзімге тыйым салынғанын еске салды. «Статистика деректері бойынша 2024 жылғы тек 5 айда ғана Ресейден 1,1 миллион тонна бидай импортталған. Шектеуге қарамастан, 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 10%-ға артты. Ресейлік бидайды сатып алуға жұмсалатын қаржы да күрт өсті. Былтырғы 5 айда 1 миллион тоннасын сатып алуға 169,6 миллион доллар аударылса, биыл 1,1 миллион тоннаны 190,5 миллион долларға сатып алды. Шетелден әкелінген астықтың бүкіл импорты, яғни 1,1 миллион тоннасы тек РФ-дан жүзеге асырылады», – деді вице-министр.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов бекітілген берік қағида әрбір әкім мен әрбір министр үшін ұсынымдық емес, қатаң түрде міндетті сипатта болатынын ерекше ескертіп отыр. Осылайша, ел Үкіметі табанының бүрі барын танытып, ел мүддесін қорғауда берік тұруға бекінуде. Тосыннан райынан қайтып, мәселенің басқа ұшығы шыға келмесіне кім кепіл? Мұны енді уақыт көрсетеді.

Бұған дейін ұн тартушы кәсіпорындарға және құс фабрикаларына өңдеу және өзі тұтыну үшін ресейлік арзан бидайды тасуға рұқсат етіп келген Үкімет жақсылықтың бір жамандығы боларын сезбей қалса керек. Сөйтіп, әлгі сенімге өткен екі сала солтүстік көршінің астығын әрі қарай Орталық Азияға жасырын реэкспорттағаны, ішкі нарыққа да қарқынды өткізіп жатқаны әшкере болып қалды. Демек, Үкімет енді олқылыққа жол бермесі анық. Бұл шектеуге отандық аграршылар қуанып отырған көрінеді. Себебі өз тауарлары қандай жағдайда болмасын кәдеге жарайтынына сенімді. Тек сонда ғана ішкі нарыққа сырттан жасалып жатқан қысым жойылады. Қазақстан түгіл, алпауыт Америка мен ұжымдық Еуропаның сұрапыл санкцияларын анадайдан айналып өтуге машықтанып алған ресейлік пысықтар биылғы сәуірдегі шектеуден кейін өз бидайын қазақстандық нарыққа әкелудің айласын тауып алған екен. Сөйтіп, олар жүк көліктерімен әкелген астықты бидай күйінде өткізбей дәнді жарып, бөлшектеп әкеліп отырған. «Мұны «дробленка» деп атайды. Бұл енді бидай ретінде саналмайды, басқа өнім номенклатурасына жатады. Осы «жарма» елімізде тағы тартылып, ұнтақ ұнға айналдырылған», – дейді Қостанай облысы Кәсіпкерлер палатасының ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі салалық кеңесінің төрағасы Александр Бородин.

Көктемде енгізілген шектеу ресейліктерді біраз сансыратқанымен олар сапасыз өнімді өткізудің жолын тауып алған. Ал ендігі енгізілген шектеу мұндай олқылықтарға қатаң қарап отыр. Егер биыл күзде көршілер Ресей астық өткізудің астыртын жолын тағы тапса, онда ол жақтан келетін арпа-бидайдың сапасы біздегіден де төмен болуы мүмкін. Себебі астықты терең өңдеп отыруға уақыты жоқ көршілер сол күйі жіберуді көздейді. Ал мұның соңы бітпес дау мен орыны толмас шығын болары анық.

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМДЫ» ОҚЫТУ УНИВЕРСИТЕТТЕ ӨТТІ

«AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша қаржылық сауаттылық курсы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің қызметкерлері үшін ұйымдастырылды.

Бір апта ішінде жоба сарапшысы Дмитрий Шледевиц университет қызметкерлеріне бюджетті оңтайлы жұмсау және несиелер мен артық шығындарды болдырмаудың түрлі мүмкіндіктердің барысы туралы айтты.

Сонымен қатар сарапшы тыңдаушылармен жеке жұмыс істей отырып, оларға ішкі жағдайларды түсіне отырып кеңес берді. Сондай-ақ семинарлар барысында білім алушылар қаржылық проблемалардың қалай қалыптасатыны және алаяқтық әрекеттерді қалай тануға болатындығы туралы егжей-тегжейлі біліп, алдын алудың жолдарын үйренді.

Қазір қаржылық сауаттылық курстары ауруханаларда, білім беру мекемелерінде, мемлекеттік органдарда және Петропавлдағы ірі кәсіпорындарда өтуде. Биыл «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша қалада 3,5 мыңға жуық адам оқыды. Жыл соңына дейін тағы 2 мың солтүстік-қазақстандық қаржылық сауаттылық дағдыларын меңгереді деген жоспар бар.

ӘЙЕЛ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы әйелдер қанатының кеңесшісі Айман Ашимова Байзақ ауданы мен Жамбыл ауданында болып аудандарының белсенділерімен кездесті.

Кеңесші алдымен партияның Байзақ аудандық филиалы «Кітап- AMANAT» орталығында ауданның белсенді әйелдер қауымы, маслихат депутаттары мен БПҰ төрайымдарымен кездесіп, қоғамдағы әйел қауымының қызметі мен белсенділігі және отбасы, бала тәрбиесіндегі әйелдердің рөлі турасында еркін форматта кеңес өткізді. Шара барысында ол партия тарапынан әйел кәсіпкерлерге қолдау, оның ішінде әйелдер қанаты тарапынан жасалатын жұмыстар мен қолдаулар жайында айтып өтті. Сондай-ақ қойылған сұрақтарға жауап беріп, партияның аудандық филиалы әйелдер қанаты кеңесшісі ретінде аталмыш филиалдың ұсынысымен партия мүшесі Күнсая Амирова сайланды. Сапар барысында «Ауыл аманаты» партиялық жобасы аясында Үлгілі ауылының тұрғыны, маслихат депутаты, кәсіпкер Ләйла Беспаеваның «Қыз жасауы» тігін цехында болып, ұжымның жұмысымен танысты. Сондай-ақ Жетібай ауылындағы жеке кәсіпкерлер Индира Оралбекова мен Нұрсұлу Сайлаубекованың бірлесіп ашқан черепица және профнастил шығару цехының жұмысын көріп, сәттілік тіледі.

Келесі кезекте кеңесші Жамбыл ауданына табан тіреп, аудандық мәслихат фракциясының әйел мүшелері, облыстық мәслихаттағы ауданнан сайланған әйел депутаттар, бастауыш партия ұйымдарының әйел төрағаларымен және «Ауыл аманаты» жобасы аясында несие алған әйелдермен кездесу өткізді. Бұл ауданда да партияның аудандық филиалы әйелдер қанаты кеңесшісін бекітіп, одан кейін Қаракемер ауылдық округіндегі кәсіпкер Жайна Бекназарова ашқан жеке кәсіптің жұмысымен танысты.

Айгүл ҚҰСПАН,
Парламент Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің Төрайымы:

«АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ»

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ заңда қорғаныс-өнеркәсіп кешендері кәсіпорындарына ғылыми зерттеулер жүргізу құқығын беретін нормаларды қарастырдық. Іс жүзінде ғылыми әзірлемелердің авторлары азаматтық Ғылыми зерттеу институттары емес, қорғаныс кәсіпорындарының өздері болып саналады.

– Мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыру өнеркәсіппен қатар Қарулы Күштерді жетілдіруге тікелей қатысты екенін білесіз. Ашық дерек көздеріндегі мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның қорғаныс бюджеті әлі күнге ІЖӨ-нің 1%-іне жетпеген. Не себепті біз қорғаныс бюджетін 2008 жылғы (1%) деңгейге жеткізе алмай отырмыз?

–Айтқаныңыз орынды. Стокгольм халықаралық бейбітшілік мәселелерін зерттеу институтының ашық деректеріне сәйкес, өткен 4 жылда Қазақстанның әскери бюджетін былай көрсетуге болады:

– 2019 жылы – 1,8 млрд.,
– 2020 жылы – 1,5 млрд.,
– 2021 жылы – 1,6 млрд.,
– 2022 жылы – 1,1 млрд. АҚШ долларына жеткен.

Қазақстанның ІЖӨ (Ішкі жалпы өнім) деңгейіне әскери шығыстардың үлесі:

– 2019 жылы – 1,02% (пайыз);
– 2020 жылы – 0,91% (пайыз);
– 2021 жылы – 0,82% (пайызды);
– 2022 жылы – 0,51% пайызды құрап отыр.

Сонымен бірге Қаржы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2020 жылдан бері қорғаныс саласына бюджеттік шығыстары айтарлықтай, 70%-дан астам немесе 1063,2 млрд теңгеге өскені байқалады. Қаржы министрлігі берген ақпаратта қорғаныс шығыстарының құрылымына әлеуметтік блок, яғни барлық қорғаныс шығыстарының ең үлкен үлесін құрайтын күнкөріс шығындары (киім-кешек, азық-түлік, жалақы және тағы басқа) да кіреді. Ал қару-жарақ, техника, оқ-дәрілер, инфрақұрылым және басқа да жабдықтарға, яғни тікелей ел қорғанысына жұмсалатын шығындар аз ғана. Бұған Стокгольм институтының деректері дәлел.

Комитет депутаттары бұл мәселені арнайы отырыс барысында да, мемлекеттік бюджетті қарау кезінде де бірнеше рет көтерген болатын. Мәжіліс Бюджет кодексінің жаңа жобасын қарап, оған қорғаныс шығындарына қатысты түзетулер енгізуде.

– Мәжіліске «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заң жобасы келіп түскенін білеміз. Бұл заңның басты ерекшелігі неде? Жауапкершілік кімге жүктеледі?

– Ең алдымен, Мемлекет басшысы, Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев «Армия – тәуелсіздік тірегі» деп атап өткен еді. Әрі өзінің 2022 жылғы сайлауалды бағдарламасында аумақтық қорғанысты нығайту бойынша нақты міндет қойғанын атап өткім келеді. Осы уақытқа дейін елімізде аумақтық қорғанысты ұйымдастыруға кешенді көзқарас болмағанын айта кету керек, ал заңнамалық деңгейде бұл мәселе тек бірнеше нормамен реттеледі. Осыған байланысты Үкімет тиісті заңның жобасын әзірлеп, Мәжіліске енгізді. Ол жұмыс тобын біздің комитеттің мүшесі Максим Николаевич Рожин басқарды.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысының құқықтық негіздерін, оның мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын айқындайды. Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, ұйымдары мен азаматтарының өкілеттіктерін, сондай-ақ олардың жауапкершілігін бекітеді. Шартты түрде заң жобасын екі бөлікке бөлуге болады: бейбіт уақытта жүзеге асырылатын дайындық іс-шараларын өткізу, сондай-ақ жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайында және соғыс уақытында аумақтық қорғаныс жүргізуді ұйымдастыру тікелей реттеледі.

Дайындық іс-шаралары дегеніміз – бұл аумақтық қорғаныс жоспарларын әзірлеу және бекіту сондай-ақ әскери және мемлекеттік маңызы бар маңызды объектілердің, міндетті қорғалатын коммуникациялардың, арнайы әскери жиындардың және басқалардың тізбелерін әзірлеу және бекіту.

Жұмылдыру, әскери жағдай және соғыс уақытындағы аумақтық қорғаныстың нақты іс-шаралары дегеніміз – бұл күш құрылымдарының аумақтық бөлімшелерінің күштері мен құралдарын тиісті қорғаныс кеңестеріне бағындыру, халықты хабардар ету және эвакуациялау, әскери және мемлекеттік маңызы бар объектілерді, коммуникацияларды қорғау және тағы басқалар.

Алғаш рет Қазақстан Республикасының қорғаныс жүйесі үшін «ерікті» және «өзін-өзі қорғауды қалыптастыру» деген жаңа ұғымдар енгізілуде. Жергілікті әскери басқару органдары жұмылдыру, әскери жағдай кезеңінде және соғыс уақытында аумақтық қорғаныс міндеттерін орындау үшін өзін-өзі қорғау құрылымдарын құратын болады. Өзін-өзі қорғау құрылымдарының алдында әртүрлі міндет болуы мүмкін – елді қару-жарақпен қорғау, траншеялар қазу, маңызды нысандарды күзету, эвакуациялау және тіпті жау басып алған аумақта партизандық соғыс жүргізу. Қазақстан Республикасы аумақтық қорғаныс күштерінің аумақтық қорғаныс міндеттерін орындауға жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз етуге және аумақтық қорғаныс саласындағы заңнаманың бұзылуына жол бермеу мақсатында мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі белгіленеді.

– Заң дегеннен шығады. Мемлекеттің барлық дерлік ресми құжаттары ғаламторда бар. Айталық, әскери бөлімдердің нөмірі және қандай күш құрылымдарына қарайтыны, мекенжайы ашық жазылған. Мұндай деректерді құпия етуге болмай ма?

– Шартты түрде айтқанда, ол мемлекеттік құпиялар туралы заңнаманың талаптарын және уақыт талабына сәйкес барлық саланы цифрландыруды қамтиды. Мұнда ең алдымен, конституцияның, конституциялық заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің нормаларын басшылыққа алу қажет. Конституцияның 20-бабында әркімнің заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар екені бекітілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңмен айқындалады. Осыған байланысты 1999 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен бірыңғай жүйесін айқындайтын, мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, билік етуге, қорғауға және құпиясыздандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңы қабылданды. Мемлекеттік құпиялар деп жалпыға бірдей қабылданған Халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін тиімді әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру және өзге де қызметті жүзеге асыру мақсатында таратылуы мемлекетпен шектелетін мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мемлекет қорғайтын мәліметтер түсініледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді және оларды жеткізушілерді құпияландыру заңдылық, негізділік және уақтылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Заңдылық құпиялылықтың Қазақстан Республикасының конституциясы мен заңдарына сәйкестігін білдіреді. Негізділік қоғамның, азаматтар мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің тепе-теңдігіне сүйене отырып, нақты мәліметтерді құпияландырудың орындылығын, осы актінің ықтимал экономикалық және басқа салдарын сараптамалық бағалау арқылы анықтаудан тұрады.

Мемлекеттік құпияларға жататын әскери қауіпсіздіктегі мәліметтер тізбегі заңның 11-бабында айқындалған және оларға Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес ашық жариялауға жататын объектілер тізбесіне енгізілмеген әскерлердің орналасуын, нақты атауларын, ұйымдық құрылымын, қару-жарағын, санын ашатын мәліметтер жатады.

Сонымен қатар 2015 жылғы 16 қарашада «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң қабылданды, ол әрбір адамның заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Заңның 16-бабына сәйкес, ақпарат иелері интернет-ресурс жасайды, олар басқалармен қатар, байланыс деректерін (пошталық мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, анықтамалық қызметтердің, құрылымдық бөлімшелердің, аумақтық органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың телефон нөмірлері) орналастыруға міндетті. Бұл талап ақпарат иелерінің қызметінің ашықтығы мен тазалығын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасында мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу және оларды қорғау тәртібі нақты регламенттелген.

– Белгілі бір күштер мемлекетке гибридті амалдармен де қауіп төндіруі мүмкін. Еліміздің Әскери доктринасында «гибридтік күрес» ұғымы ғана бар. Біздің пайымдауымызша, елдің ақпараттық қауіпсіздігіне, ішкі саясатына жауапты мекемелер де аталған ұғымға назар аударуы керек сияқты. Келісесіз бе?

– Гибридті қауіптер дегеніміз – әртүрлі қауіптердің жиынтығы. Бұл әскери және әскери емес агрессия құралдарының қоспасы, жасырын және ашық операциялар мен кең ауқымды шаралар, үгіт-насихат пен жалған ақпараттан бастап тұрақты күштерді нақты пайдалануға, киберкеңістікте әрекет етуге немесе шекарада диверсиялық әрекеттер жасауға дейін. Олар мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілер соғыс жарияламай-ақ қолдана алатын қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етудің дипломатиялық, әскери, экономикалық және ақпараттық-психологиялық әдістерін біріктіреді.

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қорғанысқа мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесін қамтиды. Онда әскери-саяси, әскери-стратегиялық және әскери-экономикалық салалағы, мемлекеттің жұмылдыру дайындығы жөніндегі мемлекеттік қызметтің негізгі бағыттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери ұйымын дамыту жөніндегі негізгі шаралар айқындалған.

Осылайша, біздің еліміздегі агрессияның әскери құралы ретінде гибридтік қауіп-қатерге ең жоғары деңгейде назар аударылады және оларға қарсы қажетті шаралар қабылданады.

Айтып өткенімдей, гибридті қауіптер агрессияның әскери емес құралдарына әсер етудің ақпараттық-психологиялық әдістері түрінде де бола алады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы бекітілді. Доктринаның мақсаты – елдің ақпараттық қауіпсіздігі мен идеологиялық егемендігін қамтамасыз ету, қоғамды шоғырландыруға және азаматтық бірегейлікті нығайтуға бағытталған қазіргі заманғы үрдістер мен сын-тегеуріндерге жауап беретін осындай ақпараттық саясатты құру. Осы тақырыпты терең түсіну үшін сәуір айында «Қоғам мен армияның деструктивті ақпараттан қорғалуын арттыру» тақырыбында комитетте арнайы отырыс өткіздік. Уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы, ақпараттық доктринаны іске асыру туралы, әскери қызметшілердің деструктивті идеологияға моральдық-психологиялық тұрақтылығы туралы пікірлерін тыңдадық. Отырыс соңында комитет Үкіметке қоғамды деструктивті ақпараттың ықпалынан қорғау жүйесін жетілдіру, ақпараттық жұмысты құрудың бірыңғай тұжырымдамасы мен стратегиясын әзірлеу, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен облыстық құрылымдардың ақпараттық кеңістікті қорғау жөніндегі қызметін үйлестіруді күшейту, жалған ақпаратпен күрес жөніндегі озық шетелдік тәжірибені бейімдеу және енгізу туралы ұсынды.

– Мәжіліс депутаттары еліміздің шекара заставаларының жай-күйі жайлы бірнеше мәрте мәселе көтерген. Үкімет шекара қызметінің жағдайын жақсарту мақсатында не істеп жатыр? Сіздерге есеп берді ме?

– Шекара инфрақұрылымы үнемі назарда. Елдің қауіпсіздігі, шекарашылардың рухы шекараның жағдайына байланысты.

Біздің комитет мерзімді түрде мемлекеттік шекараның өңірлік учаскелерінде көшпелі отырыстар өткізіп тұрады. Шекаралық инфрақұрылымның жай-күйін, мемлекеттік шекараның техникалық күзет құралдарымен және байланыс құралдарымен жарақтандырылуын тексереміз. Оңтүстік және солтүстік аймақтарға бардық, келесі сессияда шығыс және батыс бөліктерге бару жоспарымызда бар.

– Қауіпсіздік ұғымының ауқымы кең екені белгілі. Соның ішінде ұлттық рухани тұтастығына төнетін қатер мәселесі де бар. Мұндай қауіпті мемлекет зерделей ме?

– Қоғам өміріндегі рухани құндылықтардың рөлін түсініп, дұрыс бақылауымыз керек. Олар біздің ұлттық бірегейлігіміз бен тәуелсіздігіміз үшін қажет. Кеңестік тоталитаризмнің салдарынан КСРО-ның өзге халықтары сияқты қазақ та тарихи жады, құндылықтары мен дәстүрлерінің ауқымды бөлігінен ажырап қалды. Сол себепті біз жат танымның еніп кетуіне қарсы тұрар қаукарсыз халге түстік.

Қайырымды ниеті бар сияқты көрінетін түрлі топтың аңқау, аңғал азаматтардың мүлкін иеленіп алғанын білеміз. Кейбір адамдар жаңа, жалған діни топтардың құрамына кіріп, моралдық және физикалық тұрғыда қысым көрді. Еліміздің бірқатар аймағындағы экстремисттік әрекеттерді де ұмытқан жоқпыз. Мемлекет бұл мәселені жіті назарда ұстап отыр. Орталық және жергілікті атқарушы билік деңгейінде тиісті мемлекеттік органдар дін саласында жұмыс істейді. Бір жағынан олар азаматтардың діни құқы мен бостандығы қамтамасыз ету, наным-сенімі арқылы жайлы орта қалыптастыру, елімізде конфессияаралық келісімді нығайту бағыты бойынша маңызды қызмет атқарады. Екіншіден, оларға халықтың рухани иммунитетін нығайту және деструктивті идеологияға төтеп беру қабілетін күшейту жауапкершілігі де жүктелген.

Әдетте дін атын жамылған, жаңадан пайда болған дәстүрлі емес топтардың ерекшелігі олардың ғылымға сүйенбейтіндігінде, эмоцияны манипуляциялау, халықтың діни білімінің төмендігін пайдалануында, өз мақсаттары үшін ұғымдарды шатастыруында, адамдардың сенімін бас пайдасына жаратуында жатыр. Ұлттың рухани тұтастығын бұзатын мұндай құбылыстарға қарсы тұру үшін шынайы тарихымызға, ғалымдарымыздың еңбектеріне назар аударып, толеранттылық дәстүрін қолдауымыз қажет.

– Сепаратистік көзқарастағы, қос азаматтықты аңсайтын отандастарымыз да кездесіп қалады. 2015-2021 жылдар аралығында қос азаматтыққа қатысты 90 мыңнан астам дерек анықталған. ІІМ-нің ресми мәліметі осы. Бұл жағдай қоғамның бірігейленуі әлі де әлсіз жүріп жатқанын білдірмей ме?

– Азаматтық – ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесіндегі аспектілердің бірі. Қазақстанда ешкімнің азаматтық ауыстыруы мен өмір сүретін мекенін таңдау құқына шектеу жоқ. Мұндай жағдайлар адамдардың басынан өтіп жатқан түрлі себепке байланысты болады. Ал қос азаматтық мәселесі бірінші кезекте құқықтық сипаты бар құбылыс.

Мемлекеттік мекемелер партиоттық тәрбиені жетілдіру, заң үстемдігін қамтамасыз ету мен азаматтардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін арттыру бағытында мақсатты түрде ұдайы жұмыс істейді. Қос азаматтық мәселесі заңмен нақты реттелген әрі заңбұзушылықтың алдын алу бойынша қажетті іс-шаралар атқарылып жатыр. 2015-2021 жылдар аралығындағы деректер – сөзсіз алаңдататын жағдай. Дегенмен азаматтыққа қатысты заң бұзатын тұлғалар түрлі себепке байланысты жол беретінін атап өту керек. Айталық, шетел азаматтығын алған кейбір тұлға Қазақстан азаматтығынан шыққанын Ішкі істер органдарында немесе еліміздің консулдық мекемелерінде дер кезінде рәсімдемейді. Енді біреулер заңды әдейі бұзады. Мысалы, екі мемлекеттің әлеуметтік төлемдерін бірдей алу немесе шетелде күтпеген оқиға бола қалса, Қазақстанға оралу жолын ашық қалдыру үшін осындай амалдарға барады.

Қазақстан Конституциясына сәйкес елімізде қос азаматтыққа тыйым салынған. Егер Қазақстан азаматы өзге елдің азаматтығын алса, онда Қазақстан азаматтығынан айырылады. Бұл талапты көпшілік біледі. Сондықтан азаматтықтан бас тартқан тұлға қажетті процедурадан өтуге және бұрынғы төлқұжатын тиісті мемлекеттік органдарға тапсыруға өздері мүдделі болуы керек. Себебі ерте ме, кеш пе, олардың өзге елдің азаматтығын алғаны бәрібір белгілі болады. Шекарадан өту, азаматтарды құжаттандыру және цифрлық режимдегі өзге де процестер мұндай заңбұзылушылықтың тез анықталуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, азаматтықтан шыққанын жасырған тұлғаны құқықтық жауапкершілік пен біршама мол көлемдегі қаржылай айыппұл күтіп тұрады. Сондықтан өз басым адамдарға кез келген әрекетті заң аясында жасауға және білімі мен білігі жетпеген жағдайда көші-қон қызметіне жүгінуге кеңес берер едім.

Сондай-ақ мемлекеттен білікті азаматтардың кетіп қалуына мүдделі емес екенімізді де атап өткім келеді. Мемлекет адам өмірі үшін қажет жақсы жағдай жасауға және қазақстандық бірегейлікті нығайтуға жауапты екенін сезінеді. Ал сепаратизм мәселесіне келсек, ол қылмыстық-құқыққа қатысты ұғым, оны насихаттау мен сепаратистік іс-әрекет үшін қатаң қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Мұндай деректерге қатысты жуырда да бірқатар үкім шыққанын білеміз және кінәлілер жазасын бас бостандығынан айыру мекемелерінде өтеп жатыр. Яғни, тиісті мемлекеттік органдар өз жұмысын істеп жатыр. Бірақ сепаратизмнің алдын алу жұмыстары да дер кезінде жүргізілуі керек екенін ескеру қажет. Кейде сепаратистік сипаттағы қылмыс жасағандар өзгенің манипуляциясына, жалған үміттің қақпанына түсіп қалып жатады. Дегенмен құқық қорғау органдары сепаратистік пиғылдарды уақытында анықтап, мұндай сипаттағы заң бұзушылықтарға дер кезінде әрі сапалы түрде жауап қатуы керек.

Ал қоғамның бірегейлігіне келсек, шетелде ұзақ жылдар бойы қызмет істеген дипломат ретінде дәл Қазақстан халқындай жұртты әлемде сирек кездестіресіз дер едім. Біздің халық қайырымды, мейірімді әрі адал халық. Меніңше, адамдардың бойындағы осынау қасиеттер ортақ отанымыз Қазақстанға деген сүйіспеншілікпен бірге бәрімізді бірегейлігімізді қалыптастырады деп ойлаймын.

– Ғаламтор мен медиада Қазақстан Қарулы Күштеріндегі әскер өлімі, әлімжеттік жайлы деректер жиі шығады. Соған байланысты армияға сенім де төмендеп кеткендей көрінеді. Қоғамда қалыптаса бастаған осынау көзқарасты өзгерту үшін не істеу керек?

– Биыл 9 тамызда Павлодарда Қарулы Күштер мен «Аналардың жүрегі» сарбаздар аналарының комитеті республикалық бірлестігі арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіруге арналған алғашқы республикалық форум өтті. Бұл форумда көптеген мәселе, ең алдымен әскерлердегі құқықтық тәртіп мәселелері ашық талқыланды. Айта кету керек, әскери қызметшілер арасындағы зорлық-зомбылық сипатындағы құқықбұзушылықтар саны тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері алғаш құрылған кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай азайды. Алайда мұндай фактілер әлі де әскери ортадан жойылған жоқ. «Дедовщина» дегеніміз – әскери қызметке бұрын барғандардың жаңадан шақырылғандарды мазақ етуі және екі жылдық мерзімді әскери қызметтегілерге тән нәрсе болатын. 2005 жылдан бастап Қазақстанда жастар бір жылға мерзімді әскери қызметке шақырылады. Әскери қызметін жеке-жеке өтеді, яғни бұрынғылар жаңадан шақырылғандармен байланыста болмайды. Осылайша, «дедовщина» кеңестік дәуірмен бірге кетті.

Әскерде болып жатқан ұрып-соғу фактілері әдетте казармалық бұзақылық деп аталады. Сондай-ақ лауазымы бойынша аға қызметкер бағыныштыға қатысты зорлық-зомбылық жасаған кезде билігін асыра қолдану жағдайлары бар. Армия – қоғамның ажырамас бөлігі және біздің қоғамның барлық келеңсіздіктері әскери ортада да бар. Бұл – агрессия, суицид, лудомания және алаяқтық. Әскерлерде бұл санаулы ғана фактілер болғанымен, олардың әрқайсысы резонанс тудырады, өйткені әскери қызмет – жарғылық тәртіп пен әскери тәртіпті қамтитын қызметтің ерекше түрі. Президент Қ.Тоқаев «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі» атты сөзінде кей жастарымыздың әскери қызметтен жалтаратынына назар аударып, оларды әскерде қызмет етуге қалай ынталандыру керектігі туралы айтады. Мемлекет басшысы бұл туралы көзқарасын Бүкіл армия кеңесінде: «Біз «азамат» сөзінің шынайы мағынасына толық сай келу үшін әскери қызметшілердің бойына отансүйгіштік, адамгершілік және мейірімділік сезімдерін ұялатуымыз керек. Осылайша, армия руханиадамгершілік тәрбиенің тірегі болуы керек. Бұл зорлық-зомбылық пен «дедовщина» сияқты қоғамға қауіпті құбылыстардың алдын алуға көп көмектеседі», – деп айтқан болатын.

Қазіргі уақытта Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті әскери-патриоттық тәрбиені күшейтуге, әскери қызметтің беделі мен тартымдылығын арттыруға бағытталған заң жобасын әзірлеуде. Мұндай кешенді шаралардың қажет екеніне сенімдіміз және Отан қорғау отбасы мен мектептегі патриоттық тәрбиеден бастау алады.

Әңгімелескен Амангелді ҚҰРМЕТ

ҚЫС ШАНАҢДЫ ЖАЗ САЙЛА

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ?

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

ҚЫС – ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛ КҮЙІНІҢ ИНДИКАТОРЫ

Екібастұз тұрғыны, қоғам белсендісі Александр Трошин жұртшылықтың алдағы қысты үреймен күтіп жүргенін айтады. Өйткені өткен жылыту маусымы екібастұздықтар үшін «апаттар жылына» айналды. Алдымен, Екібастұз қаласы 2022 жылғы 27 қарашада жылусыз қалды. Бұған ЖЭО-дағы бірнеше қазандық агрегаттарының істен шығуы себеп болған.

– Сонда «Экибастузтеплоэнерго» хабарлағандай, бірден №11, 13, 14, 15 қазандық агрегаттары жұмысын тоқтатқан. Сол кезде сыртқы ауа температурасы -30 градусқа дейін күрт төмендеп кетті. Жұрт жаппай жаурады. Жеке тұрғын үйлер, 130 көпқабатты тұрғын үй жылусыз қалды. Перзентхана, балалар үйі сияқты нысандар бейбіт күнде эвакуацияланды. Жылумен жабдықтау жүйесіндегі апаттар әрі қарай жалғасты. 10 желтоқсанда Екібастұз ЖЭО-сында күлтартқыштың, құбырдың зақымдалғаны анықталды. Ақпан айында, радиаторлар тағы да қатып қалды. Қыс бойы тоңған тұрғындар ауырды. Ресми дерек бойынша мың шақты адам өзге өңірге көшіп кеткен: 145 мың тұрғыннан 144 мыңы қалды. Биыл апаттар қайталанса, халық тағы үдере көшуі мүмкін, – дейді Трошин.

Төніп келе жатқан қауіп-қатер туралы мамандар ертерек ескерткен екен. Ұстап тұруға қаражаты жетпейтінін айтып, ЖЭО қожайыны да 2022 жылғы шілдеде әкімдікке хат жазған. ЖЭО-ны және жылу желілерін мемлекет меншігіне сыйға беруге дайындығын жеткізген. Оның орнына сол жылғы тамызда, жергілікті жылу-электр орталығын аралаған Павлодар облысының әкімі Абылқайыр Сқақов Екібастұз тұрғындарының қатып қалуына жол бермейтініне сендірді. Ақыры не болды? Екібастұз ЖЭО-сындағы апатқа және жергілікті биліктің тиісті шара қабылдамауы салдарынан халықтың қыс бойы дірдек қағуына байланысты Павлодар облысының әкімі отставкаға жіберілді. Одан оның ештенесі кеткен жоқ: артынша Астанаға жоғарылады және бүгінде Сқақов бүкіл қазақстандықтардың зығырданын қайнатқан Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын басқарады (басқарма төрағасы). Оның артында аңыраған екібастұздықтар қалды. Өңірдің жаңа басшылығы бұдан сабақ алды ма, оны қыс паш етеді.

Өзге өңірлердегі ЖЭО-лардың жағдайы да мәз емес. Ұлытау облысындағы дайындық қарқынын Премьер-Министр Олжас Бектеновтің көңілінен шығады. Өйткені қоңыр күз есік қағып тұр, ар жағында қыс таяп қалды, ал Сәтбаев қаласының 70 мыңға жуық тұрғыны үшін жылу және ыстық судың көзі болып саналатын №1 жылу стансасының 4 қазандығында, сондай-ақ газ құбырларында күрделі және ағымдағы жөндеу әлі күнге бітпеген.

Жезқазған ЖЭО-сында да жабдықтарды жаңғырту жұмыстары «жүргізілу үстінде». Бұл мақсатқа 13,5 миллиард теңге бөлінді. Қазір №5 қазандық агрегатына күрделі жөндеу жүргізу жұмысы небәрі 60%-ға орындалған. №7 қазандыққа кеңейтілген ағымдағы жөндеу басталмапты да, тек «жоспарда бар». №8 қазандықты жаңғырту 70%-ға ғана орындалды. Мұндай шабан қарқынның жарамайтынын айтқан Олжас Бектенов өңір әкіміне, сондай-ақ «Қазақмыс» корпорациясына жұмыс қарқынын арттыруды, алдағы қысқа дайындықты жедел аяқтауды тапсырды.

– Халықты жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ету азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына, сондай-ақ жалпы өңірдегі жағдайға әсер етеді. «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған ЖЭО-сы бойынша, сондай-ақ Сәтбаев қаласының №1 және №2 жылу стансалары бойынша барлық міндеттемесін толық орындауы тиіс! Бұл жерде әкімдік пен корпорация арасында үйлесімді жұмыстың жоқтығы байқалады. Барлығы уақытылы жасалуы керек, – деп жүзін суытты Премьер.

Ұлытау облысында жылыту маусымына дайындыққа 30,2 миллиард теңге бөлінді. Қазір Жезқазған ЖЭО-ның тозуы шамамен 65%-ды құрайды, Сәтбаевтағы қазандықтар 85%-ға тозған. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» жағдайының не болатыны белгісіз. Ұқсас жағдай өзге өңірлерде де қалыптасқан.

ҚАРЖЫ МОЛ, ТЕК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАПШЫ

Энергетика министрлігі жөндеу жұмыстарының бекітілген кестеге сәйкес жүріп жатқанын хабарлады. Іс жүзінде қазір біраз ЖЭО-да орындалған жұмыстардың орташа көлемі 60-80% болып келеді. Мамандардың айтуынша, бұл қауіпті деуге келмейді. Алайда жаңғырту-жөндеу жұмысында туындаған кез келген іркіліс олардың жылыту маусымына дейін іске қосылмауына соқтыруы мүмкін.

Сонымен бірге биылғы жартыжылдық қорытындысында бірқатар маңызды объектіде жоспарланған жұмыс мүлдем басталмаған. Бұл жайтты AMANAT фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов әшкереледі. Оның мәліметінше, осы кезеңде, қаңтардан бері «МАЭК» ЖЭО-2-сінің №7 қазандығында кеңейтілген ағымдағы жөндеу қолға алынбаған. Сәуірден бері Qarmet-тегі ЖЭО-2-нің №2 қазандығының жөндеуі басталмаған. Ескі «Согра ЖЭО»-сының №1 турбинасын жөндеуге кіріспеген.

Мұның сыртында келесі электр стансаларында – «МАЭК» ЖЭО-сының №2 энергоблогының, «Степногор ЖЭО» №3 қазандығының жөндеу жұмыстары, Кентау ЖЭО-сының №8, 9, 10, 11 қазандықтарын реконструкциялау тым ұзап кетті. Осы жылдың бірінші жартысында «Қарағанды өңірлік электр желілік компаниясының» электр желілерінде жөндеу жұмыстары жоспарлы уақытында бастау алмағаны анықталды.

– Мұндай жағдай тұрақты практикаға айналып кетті. Жыл сайын солай: жоспарлы жөндеу жұмыстарының мерзімі үнемі шегеріліп, ауыстырылып отырады. Бұрынғы кестенің орнына жаңасы бекітіледі де, бәрі "кестеге сәйкес" дейді. Салдарынан халық, әлеуметтік нысандар қыста қатып қалып жатады. Сорақысы сол, біз сол үшін жауапты болған, кәсіби құзырына кірген міндеттемелерін лайықты орындамаған тұлғалардың жаппай жазаланғанын да көріп отырған жоқпыз. Қылышын сүйретіп, қыс келе жатқанына қарамастан қаржыландырудың процедуралық мәселелерін шешу де сөзбұйдаға салынады екен, – деді Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Бұдан бөлек, тағы бір салмақты проблема ушығып тұр: қуат өндіруші ұйымдардың өткен жылыту маусымында жаққан отыны үшін кредиторлық қарызының көлемі де ауқымды болып қалды. Мысалы, биылғы жартыжылдық қорытындысындағы жағдай бойынша энергия өндіруші ұйымдардың «ҚазТрансГаз-Аймақ» (QazaqGaz–Aimaq) АҚ-ы алдындағы көгілдір отын үшін қарызы 25 миллиард теңгеден асып кетіпті (Энергетика министрлігі тамызда бұл борышты 18 млрд теңгеге дейін азайтуға қол жеткізілгенін хабарлады).

Сондай-ақ қуат өндіруші компаниялардың «Богатырь-Көмір» ЖШС алдындағы бұрын жеткізілген көмір үшін берешегі 7 миллиард теңгеге жуықтады (министрлік 3,4 миллиардқа дейін азайттық дейді). Қалай болғанда, бұлар қордаланған ескі проблема-жүктерімен жаңа жылыту маусымының табалдырығынан аттамақ.

Мәжіліс депутаты бір жайтқа екпін түсірді. Энергетика министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, жалпы сомасы 31 миллиард теңгеден асатын, жөндеу, жаңғырту, реконструкциялау сияқты жобалардан құралған пул түзді. Әкімдіктердің қоса қаржыландыруын назарға алып, Үкімет резервінен 20 миллиард теңгеден аса қаражат қосымша бөлінген. Сөйтіп, биылғы жылыту маусымы бюджетке біршама қымбатқа түспек. Әйткенмен, уақытылы жөнделіп, жаңартылмаған жылу-электр орталықтарында, қазандықтарда, жабдықтары мен құбырларында апат-авария болып, жылу трассалары шетінен жарыла бастаса, шығын одан да көп болады.

Үкіметте де, әкімдіктерде де Президент қойған міндеттерді толыққанды шешу үшін барлық қажетті құрал бар. Бірақ депутаттың пайымдауынша, жұмыстар тиісті дәрежеде жүргізіліп жатқан жоқ. Бұл істегі әрбір олқылық, әрбір кедергі, әрбір бөгеліс айналып келгенде бүкіл елдің күзгі-қысқы маусымға дайындығына кері әсер етеді. Қазақстан халықаралық санкциялардан сау. Сондықтан Ресеймен салыстырғанда жоғары технологиялы жабдықтарды, турбиналарды еркін әкеле алады. Онда не жетпейді? «Қыс шанаңды жаз сайлауға» шенеуніктер үйрене алмай келеді. Жөндеуге мол көлемде ақша бөлінді, оны игеріп, жұмыс көрігін қыздыруға жауапкершілік кемшін.

ҚЫС ҚАРСАҢЫНДА – ҚЫРАҒЫ НАЗАР

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев жылыту маусымына түпкілікті әзір болмағандықтан «қосымша көңіл бөлінетін», жіті бақылауға алынатын қуат өндіруші кәсіпорындардың тізімі жасалғанын мәлімдеді. Олардан энергия блоктарын, қазандықтары мен турбиналарын жөндеуді жеделдету талап етілмек.

Еліміздің бас энергетигі өткен екі айда өңір әкімдіктерімен бірлесіп, түйткілді мәселелер бойынша бірқатар шара қабылданғанын айтты. Нақтылауынша, «Таразэнергоцентр» АҚ-ның 4-ші жылу электр орталығында №1 турбинаны, «Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-2-сінің №2 қазандығын, «ГРЭС Топар» ЖШС-ның №12 қазандығын, «ЕЭК» АҚ электр стансасындағы №3 энергоблокты жөндеу енді ғана басталды.

– Электр стансаларының газ үшін берешегі 25 миллиардтан 18 миллиард теңгеге дейін, көмір үшін қарызы 6 миллиардтан 3,4 млрд теңгеге дейін қысқарды. Стансалардың қоймаларындағы көмір қоры 3,4-тен 3,7 миллион тоннаға дейін ұлғайтылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады. Жүйелік оператор бекіткен электр стансаларындағы жөндеу кестесіне сәйкес, биыл 10 энергоблокты, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. Әртүрлі кезеңдерде 1 энергоблокта, 28 қазандықта, 22 турбинада жөндеу жұмыстары әлі күнге жүргізіліп жатыр. 4 энергоблокта, 21 қазандықта және 17 турбинада ғана жөндеу жұмыстары аяқталды, — деп мәлімдеді Энергетика министрі.

Электр желілерінде 2024 жылы жалпы ұзындығы шамамен 20,8 мың шақырымдық электр сымдары мен бағаналарын, 423 бірлік жоғары вольтты қосалқы стансаларды күрделі жөндеу жоспарланған. Соның ішінде 13,4 мың шақырым электр сымдары, 277 қосалқы станса, 2 292 тарату пункті жөнделді. Яғни, бұл тұрғыда да тастүйін дайындық жоқ. Ендеше кейбір өңірдің жылу сыртында жарықсыз қалу қаупі жоқ емес.

– Жылыту кезеңіне дайындығы қосымша назарда болатын энергия кәсіпорындары айқындалды. Олардың арасында «МАЭК» ЖШС бар. Онда ЖЭО-1-дің №4 турбинасының және ЖЭО-2-сіндегі №8 турбинасының жөндеу мерзімі сақталмаған. Сақталуы үшін шаралар қабылдау қажет. Негізгі жабдықты жөндеу мерзімдерінің сақталмауы Қарағанды облысындағы (Qarmet АҚ-ның 2 жылу электр орталығы) электр стансаларында байқалады. Теміртау ЖЭО-2-сі №1 қазандықты жөндеуді 30 қарашаға дейін аяқтауға, сондай-ақ №7 қазандықты орнатуға міндеттеледі. Тек сонда ғана жылыту маусымында қосымша резерв қамтамасыз етіледі, – деді министр А.Сәтқалиев.

Теміртау қаласындағы ГРЭС-1-де №10 қазандықтың жөнделуі де 30 қарашаға дейін аяқталуы тиіс. Ал, Кентау ЖЭО-сында №8, 9, 10, 11 қазандықтарын реконструкциялауды тәмамдау мерзімі 15 қыркүйекке белгіленіпті. Аяқтала ма? Күрделі сұрақ.

Министрдің пікірінше, энергия өндіруші ұйымдардың отын үшін кредиторлық берешегінің көп қордалануы алаңдатады. Олардың QazaqGaz–Aimaq АҚ-ы алдындағы берешегі 18 млрд 307 млн теңгені құрайды. «Богатырь-Көмір» ЖШС-на 3 млрд 462 млн теңге берешегі сол бойы өтелмеді. Қоғам белсендісі Александр Трошин энергетикалық кәсіпорындардың ол қарызды «қасақана өтемейді» деген күдік барын айтады. Оны тарифтерін тағы көтеру үшін дәйектеме еткісі келеді. Тіпті, соңынан барлық берешегі бюджет есебінен өтелгенін күтеді. Кейбір өңір сондай шетін шараға бұрын барған көрінеді. «Дәніккеннен құныққан жаман» деген.

АБАЙДАҒЫ ОҢДЫ ІСТЕР

Абай облысында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бірқатар әлеуметтік нысандар салынып жатыр.

Жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және олардың күнделікті өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Мәселен, Бесқарағай ауылында «Жайлы мектеп» республикалық жобасы аясында жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр. 300 оқушыға есептелген екіқабатты жаңа мектеп, Ұлттық жоба стандартына сәйкес заманауи техникамен жабдықталмақ. Сонымен қатар ауданда 11 медициналық нысанның құрылысы басталды. Оның алтауы фельдшерлік пункт, төртеуі дәрігерлік амбулатория, біреуі фельдшерлік-акушерлік пункт. Сондай-ақ бағдарламада жұмыс істеп тұрған медициналық мекемелерді жаңарту қарастырылған. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан тағы бір маңызды нысан – үш жолақты бассейн. Қазір жертөле блоктарын монтаждау аяқталып, гидроизоляция жұмысы жасалып жатыр.

Ал Бородулиха ауданы Бақы ауылдық округінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көшелер жарықтандырылып жатыр. Қолға алынған жоба көшелерді жарықтандырып қана қоймай, бюджет қаражатын тиімді пайдалану мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін көрсетіп отыр. Жоба «Коростелевское» ЖШС басшысы Ерлан Ертаевтың қолдауымен жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жобалар бойынша республикалық «Парыз» байқауының лауреаты атанған бұл кәсіпорын көше бағаналарын орнату, кабель сатып алу және монтаждау жұмыстарын өз мойнына алды. Ауылды жарықтандырудың жалпы ұзындығы 3 250 метр болатын төрт көшені қамтиды. Бүгінде жарық бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес осы ауданда бейнебақылау жүйесін орнату басталды. Қазір «Трансстелеком» мекемесі аудан орталығында 48 Hikvision бейнекамерасын қосуға арналған жабдықты орнатып жатыр. Сонымен қатар аудандық полиция бөліміне радиобайланыс пен мониторлар орнатылды. Оның ішінде 15 камера 360 градус көру радиусымен қамтылған. Барлық жазба 30 күн бойы сақталады.

Камералардың негізгі қызметі – қылмыс пен құқықбұзушылық деңгейін төмендету, болған қылмыстардың ашылуына көмектесіп, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету. Бүгінде ажыратқыштар мен жабдықтары бар шкафтарды орнату жұмыстары жүргізілуде. Жезкент кентіне де бейнебақылау жүйесін орнату жоспарда бар.

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында Бесқарағай, Жарма және Үржар өңірлерінде ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Демеушілер оқушыларды қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, қолдау білдірді.

Бесқарағай ауданында «Қазақстандағы адвентистерге көмек және даму агенттігі» қайырымдылық қорының басшысы Владимир Михайлов пен «Бірлік» қоғамдық ұйымының жетекшісі Сақан Әубәкірова жалпы сомасы 3 822 700 теңгеге оқу құралдарын ұсынып, аз қамтылған отбасылардан шыққан 253 балаға көмек көрсетті. Жарма ауданында «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС бас директоры Кеңпейіл Исаев 194 студентке 1 194 928 теңге қаржы бөліп, көмектесті. Үржар ауданында «MED365» ЖШС директоры Шыңғыс Құлахметов аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 30 балаға жалпы сомасы 450 000 теңгеге мектеп құралдары мен сөмкелер табыс етті.

Қазақта «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қасиетті сөз бар. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып, қолайлы орта құруға жағдай жасау азаматтық борыш саналады. Ауыл – ел бесігі, қазақтың алтын тамыры. Сондықтан ауыл көркейсін, ауыл өркендесін.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Биыл қыркүйекте мектепке баратын оқушылар саны 3,9 миллионға жетті. Оның 360 мыңға жуығы мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отыр. Білім күнінде республика көлемінде 61 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Жалпы, 2024 жылы елімізде 536 мың оқушыға арналған 302 жаңа мектеп есігін айқара ашуы тиіс.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында (2022 жылы) атап айтқан болатын.

Жоба аясында 2023-2025 жылдары еліміз бойынша 401 мектеп салу жоспарланып, бұл мақсатта республикалық бюджеттен 2,6 триллион теңге бөлу қарастырылды. Сонымен қатар жоспар бойынша жаңа мектептер ең заманауи құрал-жабдықтармен, қажетті оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы тиіс. Бастауыш және орта сыныптарды жеке асханалары, жуынатын бөлмелері, спорт залдары бар бөлек блоктарда оқыту ұсынылған-тын.

Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметінің бізге берген мәліметіне сәйкес, биыл оқу жылының басында жаңа үлгідегі алғашқы 20 мектеп ашылады. Жыл соңына дейін тағы 146 мектеп ашу жоспарлануда.

Астанада тамыздың 23-і күні ұлттық жоба қалай жүзеге асып жатқаны жөнінде қоғамдық кеңес өтті. Жиында Samruk-Kazyna Construction АҚ басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов жобаға қатысты маңызды мәселелер мен нәтижелер туралы есеп берді. Белгілі болғандай, мектептердің алғашқы легі оқу жылының басында-ақ қолданысқа тапсырылады. Дайын жайлы мектептерді тапсыру мерзімі мердігер ұйымдармен жасалған келісімшарттарға сәйкес биылғы 15 желтоқсанға жоспарланған екен. Алайда нысандарды жобалау мен құрылысты қатар жүргізуге мүмкіндік беретін ЕРС-келісімшарттардың арқасында мектептің көбі уақытынан бұрын тапсырылмақ.

Samruk-Kazyna Construction АҚ басшысы өз есебінде бүгінде 434 600 оқушыға арналған 208 жайлы мектептің құрылысы жүргізіліп жатқанын айтты. Оның ішінде 20 мектепті (57 мың орынға арналған) 2024 жылдың 1 қыркүйегінде, 17 мектепті (39 600 орын) – қыркүйектің соңында, 61 мектепті (109 400 орын) – қазан айының соңында, 66 мектепті (131 мың орын) – осы жылдың 15 желтоқсанында қолданысқа тапсыру жоспарланып отыр. Қалған 44 мектептің (97 600 орын) тапсырылуы түрлі себепке байланысты 2025 жылға шегерілген. Мемлекеттік сараптама қорытындыларын алу мәселесі бойынша 169 мектепке қатысты оң баға алынса, қалған 39 мектептің жобалау-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптама қарауында жатқаны белгілі болды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ ОРЫН БОЛМАЙ ТҰР

Мемлекет тапсырмасына сәйкес жобаны жүзеге асыру Samruk-Kazyna Construction АҚ-ға тапсырылғаны белгілі. Сонымен қатар әуелден-ақ ұлттық жобада мектеп құрылысына негізінен отандық материалдарды қолдану бойынша нақты шаралар көзделген және барлық жиһазды отандық өндірушілерден сатып алу жоспарланған болатын.

Дегенмен қоғамдық кеңестің отырысында «Жайлы мектептерге» сатып алынып жатқан жиһаздың сапасына сын айтылды. Астана қаласы мәслихатының депутаты Қанат Ибраев жергілікті комиссия құрамында «Жайлы мектептердің» құрылысымен танысқанын, сол кезде білім ошағына қойылып жатқан жиһаздың сапасына байланысты күмәнді сұрақтар туындағанын айтты.

– «Жайлы мектептерге» орнатылып жатқан жиһаз үлгілерін сараптамаға алуға болмай ма? Мен іс басында жүрген адам болғандықтан түсінемін. Қазақстанда болмағандықтан, Қытайдан жиһаз әкелген. Мен ол жиһаздың балалар үшін жеткілікті деңгейде қауіпсіз екеніне сенімді емеспін. Өйткені ол жиһаздың пластигі ашық сары түсті, иісі бар. Тұйықталған кеңістікте мұндай материалдан қандай да бір зиян болуы мүмкін. Осы кемшіліктер үшін кім жауап береді?» – деді Қанат Ибраев. Біз Қанат Сұлтанұлына хабарласып мәселенің мән-жайын сұраған едік.

– Астана қаласы мәслихатының депутаттарымен, әріптестеріммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша салынып жатқан мектептерді араладық. Біздің комиссия екі мектепке бардық. Мен құрылыс маманы болмағандықтан, ол туралы нақты ештеңе айта алмаймын. Бірақ кейбір кемшілік көзге көрініп-ақ тұр. Бір мектепте «линейка» өтетін алаңқай стандартқа сай жоспарланбағанына куә болдық. Бір мектепте спортзалға қатысты сұрақтар туындады. Бірақ 1 қыркүйекке дейін бұл кемшіліктер жойылады деп үміттеніп отырмыз. Мектептерді аралай жүріп, интерьерінің жарқыраған түстері, сыныптардағы оқушылар үстелдерінің ақ жабыны, шығу тегі белгісіз пластикалық жиһаздардың көптігі ойландырды. Қабырғалардағы бояудың балалар денсаулығына қаупі секілді мәселелерге қатысты әу баста стандартқа сай бекітілген тапсырмалар орындалмаған. Біз Samruk-Kazyna Construction акционерлік қоғамының басшысы Мәулен Айманбетовке сауал жолдадық. Бірақ олар әзірше жауап бермеді, – деді ол.

АСТАНАДА ҚАНША МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ?

Samruk-Kazyna Construction АҚ 2024-2025 жылдар аралығында Астана қаласына 24 «Жайлы мектеп» салуды жоспарлап отыр. Қалалық Білім басқармасының бізге берген ақпаратына сәйкес, биыл жаңа оқу жылында 12 мектеп ашылады. Оның 8-і жайлы мектеп.

Ал қала әкімі Жеңіс Қасымбек таратқан ресми мәліметке сүйенсек, Астананың жаңа Бас жоспарында 2035 жылға дейін 430-дан астам әлеуметтік нысанның (мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер) құрылысы қарастырылған. Ал оның ішінде 164 нысан – мектеп. Қала әкімінің айтуынша, қазір қалада 100 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымды) арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылы ішінде 23 мектеп салынады. Бұл елорда үшін рекордты көрсеткіш болып саналады.

– Сол сияқты оқу жылының басында жоғарыда аталған оқу орындарынан бөлек, тағы 3 мемлекеттік және бір жеке мектеп ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар жыл соңына дейін тағы 7 жайлы мектеп, 2 мемлекеттік мектеп және 2 жекеменшік мектеп ашу жоспарда бар. Осылайша, жаңа оқу жылы ішінде 23 мектеп салынады. Біз сондай-ақ алдағы жылдарға да дайындалып отырмыз, – деді елорда әкімі.

ЖАҢА МЕКТЕП – ЖАҢА ТЫНЫС

Жалпы 2024 жылы республика бойынша 536 мың оқушыны қабылдай алатын 302 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

– Бұл шаралар 92 үш ауысымды және оқушы орны тапшылығы бар 249 мектептің проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Әкімдіктер мектептерді іске қосу мерзімінің бұзылуына жол бермеу үшін қажетті шараларды қабылдауы қажет, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев. Сондай-ақ министрдің айтуынша, жергілікті атқарушы органдар дайын жайлы мектептерді өз балансына қабылдауы үшін әрбір облыс әкімдігі арнайы жұмыс тобын құрып, жұмыстардың сапасы мен нормативтерге сай екенін қазірден бастап тексеруі тиіс.

Ақмола облысы Целиноград ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 7 мектеп салу жоспарланыпты. Екеуі Астана қаласының іргесіндегі Талапкер ауылында салынып жатыр екен. Талапкер ауылында жаңадан ашылғалы отырған мектеп директорының міндетін атқарушы Асылбек Жұмабайұлына хабарласқан едік, – Ауылымызда екі мектеп пайдалануға берілгелі жатыр. Біреуі қазақтілді мектеп-гимназия, екіншісі аралас IT мектеп-лицей болады. 1 200 балаға арналған жайлы мектеп стандартқа сай жасақталған. Сынып кабинеттері, спортзалдары бәрі жоспарға сай, дайын. Бұйырса, қыркүйектің 1-інде оқушылар мектеп табалдырығын аттайды деп күтіп отырмыз, – деді ол.

Жайлы мектеп Президент тапсырмасына сай алдымен басты нақты үш міндетті – оқушы орнының тапшылығын, үш ауысымды оқытуды және мектептердің апатты жағдайын толық шешуі тиіс. Сонымен қатар ауылға жаңа мектеп салынды дегенше, жаңа жұмыс орны да ашылатыны белгілі. Сондай-ақ ауылдың шырайы кіріп, тіршілігі де жандана түсер. Ал Талапкер халқы мектеп ашылса, жол салынады деп алақайлап, қуанып жүр.

ЕСКІ ҮЙДІҢ СӘУЛЕСІ мен ӘУРЕСІ

Көкшетауда жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай көпқабатты тұрғын үй үйлер бірінен соң бірі салынып жатыр. Қаланың көлемі де біршама ұлғайып кеткен. Дегенмен қаланың шеткері жатқан шағынаудандарында әбден тозығы жеткен, тіпті жарты қабырғасына дейін жерге еніп кеткен үйлер жетіп артылады. Олардың бірқатары ондаған жыл бойы иесіз тұр. Кімнің үйі екенін де ешкім тап басып айта алмайды. Кейбірінде адамдар күні бүгінге дейін тұрып жатыр. Бәрі үйлерінің бұзылып, орнына көпқабатты үйлерден жайлы пәтер берілуін күтіп отыр. Жергілікті атқарушы биліктің мәліметінше, бүгінде облыс орталығында әбден тоз-тозы шыққан, инфрақұрылымы мүлде жоққа тән 150 ескі үйді бұзып тастауға шешім қабылданған…

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Ескі үйлер бұзылса, орнына көпқабатты жеке тұрғын үйлер салынып, пәтер резерві толықтырылмақ. Бұл ең алдымен мыңдаған адам кезекте тұрған баспана кезегін де қысқартуға мүмкіндік бермек. Ол үшін тұрғын үй реновациясы бағдарламасы түзетіліп, оны орындау үшін арнайы ұйым құрылған. Аталған тәжірибе алдағы уақытта Ақмола облысын түгелдей қамтымақ.

Облыс орталығында тұрғын үй қорын қайта жаңартудың кезекті кезеңі жүзеге асырылып жатыр. Бағдарлама 2026 жылға дейін жүргізілмек. Қолға алынған бағдарлама шеңберінде бірінші кезекте 150 үйді бұзу жоспарланыпты. Әбден тозтозы шығып, жолдары шұңқырлар мен батпаққа айналған, көше жарығынан күдер үзген бұл шағынаудан тұрғындары баспаналарын бұзғанын күтіп отыр. Реновациялық жұмыстар жекелеген жергілікті шағынаудандар бойынша біртіндеп басталмақ. Мәселен, Уәлиханов, Быковский, Сайын және Гоголь көшелерінде 75 үйді оның ішінде 12 қоскабатты және 62 жер үйді бұзу жоспарланыпты. Жалпы саны 355 пәтер қиратылуға тиіс. Жоба жүзеге асырылса, бұл жерлерге 15 бірдей көпқабатты тұрғын үй салынып, мыңға таяу отбасы қоныстойын тойлауға мүмкіндік алады.

Ақмола облысы әкімдігінің мәліметінше, тозған шағынаудандарды бұзу жұмыстарының алғашқы кезеңіне 700 миллион теңге қарастырылған. Бұл қаражаттың қақ жартысы сол жерде тұрып жатқан 48 жер үйді сатып алу үшін облыстық және қалалық бюджет қоржынынан бөлінбек.

– Біз мына алты үй орналасқан жерді иелерінен сатып алып бұзып тастаймыз. Одан кейін жер үлесі тұрғын үй салушы құрылыс компаниясына беріледі. Ол бас жоспарға сәйкес абаттандыру бойынша барлық міндетті талаптарды ескере отырып құрылысты бастайды. Яғни, құрылыс аяқталған кезде мұнда гүлзарлар, балалар ойын және спорт алаңдары бәрі де болуға тиіс. Тұрғын үй салынып болғаннан кейін құрылыс компаниясы осы 48 пәтерді біздің меншігімізге береді. Біз тозығы жеткен үйлері реновацияға ілінген, әдемілеп әрленген пәтерлерді тұрғын үй иелеріне өз үй алаңдарының көлеміне қарай табыстайтын боламыз, – дейді Ақмола облысының әкімдігі.

Бағдарлама шеңберінде бөлме санын ұлғайтуға ниетті тұрғын үй иелерінің өз жеке қаражаты есебінен тұрғын үй жайын бұрынғыға қарағанда жақсарту да қарастырылғанын атап өткен жөн.

Жалпы, күні бүгінге дейін 24 үйдің сатып алынатыны расталып, үй иелері үйлерінің сатып алу құнына келісімін берген. Дегенмен сүрілуге тиіс болған шағынауданда құлауға шақ қалған лашық үйлерін қимай қалғандар да табылды.

Сонымен, лашық үйлерді бұзу жоспарының алғашқы кезеңі бойынша 48 пәтер әкімдіктің тұрғын үй қоры резервіне айналмақ. Ал уақыт өте келе толыққанды тұрғын үй қорын құрып, одан біртіндеп жүргізілетін құрылыс жұмыстарына сәйкес баспаналары қайта жаңарту бағдарламасына енген меншік иелеріне пәтер берілмек.

– Реновация барлығы қолжетімді әрі жақын қашықтықта болуы үшін жаңа әлеуметтік нысандарды да салуға мүмкіндік береді. Толыққанды жоспарға көз жүгіртсек, бұзылатын мына шағынауданда 280 орындық жаңа балабақшаның, сондай-ақ жасыл желекті гүлзарлар мен жаңа жолдың да құрылысы қарастырылған. Яғни, бұрынғы тоз-тозы шығып біткен үйлердің орнына заманға сай жаңа шағынаудандар пайда болады. Өйткені бағдарламаның негізгі мақсаты да халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып отыр, – дейді Ақмола облысы Құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Азамат Байқуанышев.

Осылайша, жергілікті билік «бір оқпен екі қоян атпақ». Біріншіден, қаладағы тозығы жеткен лашықтардан құтылып шаһар жақсарса, екіншіден сол жер учаскелерінде жаңадан тұрғын үйлердің құрылысы жүріп, тұрғын үй қорын жаңартуға мүмкіндік болмақ. Реновацияны тиімді жүзеге асыру үшін облыста осы бағдарламаның басы-қасында болып, кейін оны өңірдің басқа қалаларына тәжірибе ретінде бөлумен айналысатын жаңа өкілетті ұйым құру да қарастырылыпты.

–Тұрғын үйлерді бұзу және жаңа құрылысты бастаудың екінші жолы құрылыс салушы компания баспана иелерімен өздері тікелей келісіп, оларға пәтер ұсынады. Одан әрі біздің келісімімізбен лашық үйлердің орнына жаңа көпқабатты тұрғын үйлер тұрғызылмақ. Мұнымен қоса, біз құрылыс компаниялардың алдына пәтерлердің жайлылығы, сондай-ақ инфрақұрылымы, яғни, жарық, су, жол сияқты қарапайым қажеттіліктер мен аула аумақтары мен алаңдарын абаттандыру сияқты шарттарымызды қоямыз. Осылайша, бюджет үшін айтарлықтай шығыны аз жобалардың арқасында тұрғын үй қорын жаңартуға мүмкіндік аламыз, – дейді облыс әкімдігі.

Тұрғын үй қорын жаңартудың жаңа тәсілі арқылы жергілікті билік қаладағы әлеуметтік осал санаттағы халықтың да тұрғын үй кезегін тезірек алға жылжытуға мүмкіндік болатынына сенімді. Мәселен, егер соңғы бес жылда тұтас облыс бойынша тұрғын үй кезегіндегілерге 2 160 пәтер берілсе, биыл аталған тәсілдің көмегімен бес жылдық көрсеткіштен асыру жоспарға кірген. Сонымен қатар құрылыс өңірдің Бурабай, Зеренді аудандары мен Қосшы қалаларында жүргізіле бастағанын атап өткен жөн. Жаңа үйлердегі пәтерлерді әкімдік тауар сияқты сатып алмақ.

– Егер біз тендер жарияласақ, оған кемінде екі-үш жыл уақыт кетер еді. Ал біз биылғы жылдың өзінде аталған жобаға сәйкес 841 пәтерді сатып алуды жоспарлап отырмыз. Бүгінге дейін 200-ден астамы сатып алынған. Құрылыс компанияларына жайлылық бойынша шартты орындауды тапсыратынымызды атап өткім келеді. Бұл өз кезегінде жергілікті құрылыс бизнесін де жандандырып, басқа өңірлердің ірі монополист компаниялары емес, жергілікті компаниялар ұта бастайды, – деп толықтырды әкімдік өкілдері.

Көкшетауда қазір қаланың келбетін айтарлықтай өзгертетін бірнеше ірі инвестициялық жоба қатар жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, Қопа көлін жағалай толықтай жаңадан жол құрылысы жүріп жатыр. Бұл жобаға қазір қала жұртшылығы ең көп жиналатын орынға айналған көл жағалауын абаттандыру да кіріп отыр. Мердігер компания бұл жерлерді барлық жастағы қала азаматтарының ықыласына қарай жазда ғана емес, қысқы уақытта да қызықты болатындай етіп жасауға уәдесін берген. Жағалау бойында салынған жолдың жанына заманауи велосипед, жаяулар жолы, ұзындығы 2 шақырымнан астам жүгірушілер жолы, кең тротуарлар, футбол алаңы, спорттық, воркаут және балалар алаңдарын салу көзделген.

Естеріңізге сала кетсек, Көкшетау қаласында Қопа көлінің жағалауындағы құрылыс Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастық форумы қарсаңында жоспарланып, пандемия кезінде басталып, республикалық қазынаның 1,5 миллиард теңгесі шығындалған еді. Жоба көрінісінің сән-салтанаты әдемі болғанымен, көп ұзамай-ақ көп жерлерде асфальт төсемдер үгіліп, қырлы шақпақ тастар ұшқан көп кемшілік көпшіліктің көкейінен шыққан жоқ. Әкімдік уәдені үйіп-төккенімен, келтірілген ақаулар күні бүгінге дейін түзетілмеген.

Шаһарда сондай-ақ балықшылар аллеясы деп аталатын жаңа орын да пайда болды. Ол Қылшақты өзенін бойлай Абай көшесіндегі автокөлік көпірінен Сүлейменов көшесіндегі жаяулар жолына дейін орналасыпты. Мұнда күн батареясымен жұмыс істейтін 12 диодты жарық фонарьлар, әткеншектер мен орындықтар, сонымен қатар фотоаймақ салынған. Мұның бәрі демеушілер есебінен орнатылыпты. Аумаққа жабайы алмалардың көшеттері де отырғызылыпты.

P.S.

Әрине, тың дүниелердің әрі халықтың жағдайын жақсартатын баспана мен абаттандыру жұмыстарының қолға алынғаны құба-құп. Дегенмен жұмыс жүргізілгенде бақылаудың тиісті түрде жүзеге асырылып, жауапты органдар мен жергілікті билік осыған дейін болып бармақ шайнатқан жайды қайталамаса екен дейміз…

Ақмола облысы

Бүгінде әлем өзгерді. Адамның орнын компьютер алмастырып, жасанды интеллект де барлық салаға екпінді еніп келеді. Бұрнағы кезі адамның қолымен жасалған дүниелер қазір компьютерлер арқылы іске асуда. Алайда ғаламтор заманы ғаламдық сипат алған сайын оған төнер қауіп те еселенуде. Мәселен, былтыр еліміздің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы қызметі мемлекеттік органдарға жасалған 80 миллионнан астам кибершабуылдың бетін қайтарған. Ал биыл 50 миллионнан астам кибершабуылға тосқауыл қойған. Хакерлердің құрығына ілінген мекемелер Жамбыл облысында да аз емес.

Саятхан САТЫЛҒАН

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК: ҚҰЛЫП пен КІЛТ

«МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ВИРУСТАН КӨЗ АШПАУДА»

Күні кеше кибершабуыл мәселесі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес отырысында жіті қаралды. ҰҚК-ні Жамбыл облысы бойынша департаменті тексерісіне сүйенсек, өңірдегі бірқатар мемлекеттік органның компьютері зиянды бағдарламамен улануы және вирустық шабуылға ұшырауы өте жоғары деңгейді көрсеткен. Мәселен, Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік ішкі аудит департаменті компьютерлеріне жыл ішінде 21 235 кибершабуыл жасалған. Ал Мойынқұм аудандық орталық ауруханасының компьютерлеріне 16 596 рет вирус енген. Осылайша, аудандық аурухана емделушілерін ғана емес, қондырғыларын да вирус делсал күйге түсірген.

Дәл осылай Байзақ аудандық білім бөліміне 8 303 рет шабуыл жасалса,

Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 5 202 рет хакерлермен бетпе-бет келген.

Мұндай жағдай Тараз қалалық білім бөлімінде 3 931 рет тіркелсе, Жамбыл облыстық Еңбек инспекциясында – 3 439, Жуалы аудандық білім бөлімінде – 3 346, Ұлттық статистика бюросының Жамбыл облысы бойынша департаментінде – 2024, Қордай аудандық әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде – 1 821, Меркі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында –1 529, Қордай ауданы әкімдігі аппаратында – 1 392, Шу аудандық білім бөлімінде – 1 392, Шу қаласы әкімі аппаратында – 649, Мойынқұм ауданы әкімі аппаратында – 644, Меркі ауданы әкімдігі қаржы бөлімінде – 41, Меркі ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінде – 33,

Жамбыл облысы әкімдігінің Ветеринария басқармасында – 22, облыс әкімдігінің Сәулет және қала құрылысы басқармасында – 17 және облыс әкімдігінің Ауыл шаруашылығы басқармасында 8 рет болған екен.

ҚАСҚЫРҒА ҚОЙ БАҚТЫРЫП ҚОЙДЫҚ ПА?

ҰҚК Жамбыл облысы бойынша департаментінің киберқауіпсіздік бөлімінің басшысы Арсен Тоқсабаның айтуынша, мекеме көп жағдайға хакердің құрбанына мамандардың жауапсыздығынан ұшырап жатады.

– Кибершабуылдың қаупі туралы мекемелерге сан мәрте ескертілсе де, олар кибер гигиена сақтамай отыр. Яғни, мемлекеттік мекемелер киберқауіпсіздікке жауапты маманды жұмысқа алғанымен, ол өз жұмысын түсінбейді, не мүлдем білмейді. Заң бойынша әр 3 жылда мамандар ақпараттық қауіпсіздік бойынша курстан өтіп тұруы керек. Алайда біз тексерген мекеме мамандары ол курстардан өтпеген. Хакерлер үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Технологияның да соңғы үлгілерін пайдаланады. Киберқауіпсіздікке жауапты мамандар да соған сай ізденуі қажет. Алайда кейбір мекемелерде киберқауіпсіздік жөніндегі штатқа ешқандай қатысы жоқ бухгалтерлерді қоя салған. Бұл дегеніміз – бухгалтердің орнына көлік жүргізушісін немесе инженер-конструкторды тағайындаумен бірдей.

Негізі, әр мемлекеттік мекеменің өзіндік құпия құжаттары болады. Оның бәрі электронды түрде сақталады. Ал мекеме басшылары қол қою үшін ЭЦП кілттерін бухгалтерге сеніп тапсыра салады. Егер бұл компьютерлер уланса, алаяқтар ЭЦП кілтіне қол жеткізіп, жымысқы ойларын оңай жүзеге асырады. Мәселен, жуырда бір медициналық мекеменің есеп-шотынан хакерлер 350 млн теңгеден астам қаржыны ЭЦП кілт арқылы шешіп алған. Аурухана бюджеттік мекеме болғандықтан ұрланған ақша қазына қаржысы. Сондықтан ақпарат қауіпсіздігіне ең алдымен мекеменің бірінші басшылары жауап беруі тиіс, – дейді Арсен Тоқсаба.

Осылайша, департамент бөлім басшысы «қасқырға қой бақтырып» киберқауіпсіздікке жауапты маманның орнына кім көрінген адамды қоя салудың салдарынан мемлекетке миллиондаған шығын келіп жатқанын айтады.

– Егер аудандық, қалалық әкімдік немесе білім бөлімдерінің компьютерлері зиянды бағдарламалармен уланса, әрі қарай полиция, тіпті ҰҚК-нің компьютерлеріне де кибершабуыл жасалуы мүмкін. Сондықтан әр компьютердің иесі кибер гигиена тәртібін сақтап, пароль ауыстырған кезде сақ болуы керек. Әрдайым лицензиясы бар антивирустар орнатуы қажет. Тағы бір айтары, уланған компьютерлер санының аз-көптігі маңызды рөл атқармайды. Кибершабуыл бір ғана уланған компьютер арқылы жасала береді.

Ақпараттық қауіпсіздік – сол салаға жауапты маманнан басталады. Жауапсыз маман қойдың ба бітті ақпараттық жүйеге қауіп төнді деген сөз. Ол маман жұмыстан кейін кафеде көңіл көтеріп отырып, құпия ақпараттарды әңгіме қылып айтып қоюы да мүмкін. Алаяқтар ондай маманның әлсіз тұстарын жақсы біледі. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздікті бухгалтерге жүктеп қоймай, өз ісін жіті білетін маманға беруі қажет. Ал кибершабуылға жол берген мекеме басшыларының жауапкершілігін Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қарап, бір жаза тағайындағаны жөн. Сондай-ақ әр тоқсан немесе жарты жыл сайын ақпараттық қауіпсіздік тәртібін сақтамаған мемлекеттік органдардың тізімін жариялап, рейтингісін шығарып отыру керек. Сонда ғана біз бірінші басшылардың жауапкершілігін арттырып, мекемелерді кибершабуылдан қорғай аламыз, – дейді киберқауіпсіздік бөлімінің басшысы.

АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСТАР НЕГЕ АШЫЛМАЙДЫ?

Осы орайда облыста 2023 жылы іске қосылған «Киберпол» жобасы ойға оралады. Сол кезде жарнамасы жер жарған жобаның жемісі қандай? Өміршеңдігін дәлелдей алды ма?

Облыстық Полиция департаменті «Киберпол» арнайы тобының берген ақпаратына сүйенсек, олар халық арасындағы ақпараттық-түсіндіру мен әрбір қылмыстық іс шеңберінде жедел-іздестіру іс-шараларының толықтығын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізіп жатыр екен. Алайда мамандар интернет-алаяқтық қылмыстарының ашылуы бойынша қиындықтар туындап жатқанын жасырмауда. Мәселен, биыл интернет-алаяқтық қылмыстарының саны былтырмен салыстырғанда 541 деректен 479 оқиғаға азайғанымен олардың ашылу деңгейі алаңдайлайтын күйде емес. Қылмыстардың дені Тараз қаласында тіркелсе, ұсталған 28 күдіктінің алтауы басқа облыс, тіпті өзге мемлекеттің азаматы болып шыққан. Атап айтсақ, ұсталғандардың ішінде Алматы, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының азаматтары болса, бір күдікті Ресей мемлекетінің тұрғыны.

Интернет-алаяқтық қылмыстардың 92 дерегі банк, ұялы байланыс операторы не құқық қорғау органы қызметкері ретінде жасалса, 29 жағдайда инвестициялық жоба, үлкен табыс табу, заңгерлік көмек көрсету түрінде жүргізілген. 30 жағдайда азаматтар сатылатын тауар мен қызмет көрсетуге алдын ала төлем жасауда алданса, 40 дерек алаяқтықтың өзге де жолдары арқылы тұрғындар қаржысынан айырылған.

«Киберпол» арнайы тобы құрылғаннан бері мамандар халық арасында арнайы бейнеролик, жаднама, ескерту қағазын таратып, мекеме ұжымдары мен бұқарамен түрлі кездесу ұйымдастырғанымен интернет-алаяқтық құрбандары әлі күнге азаймай отырғанын қырағы сақшылардың өзі мойындауда. Сондықтан мамандар әрбір азаматты сақ болуға шақыруда.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Міне, осылайша Ұлттық қауіпсіздік комитетінің де, «Киберпол» арнайы тобының да мамандары кибершабуылдар мен интернет-алаяқтықтан сақтану қиынның-қиыны екенін айтуда. Демек, біз киберқауіпсіздікке келгенде өзгелерден көш кейін келе жатырмыз деген сөз. Әйтпесе, шет мемлекеттерде хакерлік шабуыл қайдан жасалып жатқанын дәл мекенжайына дейін анықтап, құзырлы органдар құрықтап жатқанын теледидардан көріп жүрміз. Ал бізде WhatsApp мессенджерін немесе Facebook парақшаны бұзып, алаяқтар емін-еркін атыннан ақша сұрап, тіпті таныстарыңмен онлайн режимінде тілдесіп отырғанына қарап еріксіз бас шайқайсың. Сонда бізде онлайн режимінде алаяқтық жасап отырған қылмыскердің орнын анықтайтын құрылғының өзі жоқ болғаны ма?

Әрине, байыбына бармай жатып, байбалам салудан аулақпыз. Алайда киберқауіпсіздігіміз осындай әлсіз болса, алаяқтық пен кибершабуылдар азаймайтыны анық. Ал одан ел экономикасына миллиондаған шығын келетіні анық. Сондықтан мәселенің салдарымен емес, себебімен күресіп, осы бағатта өзге мемлекеттердің тәжірибесін қолданғанымыз абзал-ау. Әйтпесе, ертең бүкіл құрылымдық мекемелер мен жеке сектордағы компьютерлерге вирус түсіп, бармақ тістеп отыруымыз бек мүмкін...

Жамбыл облысы

ҚОНЫСТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

БҚО-да су тасқынының салдарын жою жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Сондай алдыңғы қатарлы аудандардың бірі – Сырым ауданы. Атақты батыр, қолбасшы, шешен Сырым Датұлының туған жерінде кеше ғана бір мезетте 100 отбасы үйлі болып, шашу шашылып, ақ дастарқан жайылып, халық мәре-сәре болды. Бұл қуанышты күні ауданға БҚО әкімі Нариман Төреғалиев пен «Қазақстан халқына қорының» төрағасы Болат Жәмішев барды. Аудан тұрғындарының қуанышына ортақтасқан тұлғалар елге қоныс құтты болсын айтты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Биылғы жылдың 27 наурызы батыстағы ағайынның есінде ұзақ сақталары сөзсіз. Қаннен қаперсіз үйлерінде жатқан ағайынды бір кеште су алып кеткені бар. Судың қаупі бары бірнеше мәрте айтылса да, дәл солай бір түнде елді су алып кететінін ешкім болжамады-ау сол кезде. Су мен өрттен келетін апат айтып келмейді деген сол шығар. Дәл сол көктемгі су тасқынында Сырым ауданы бойынша 265 үйге су кіріп, халық эвакуациялық пункттерді жағалап кетті. Одан кейін шамасы келгендер пәтер жалдап бөлек кеткен. Сондай отбасылардың бірі – Рауан Хасанғалиевтің жанұясы. Қарт ата-анасы, бала шағасымен төрт ай пәтер жалдап тұрған. «Балаларым өте кішкентай, ауырғаны-сырқағаны бар оңайға соқпады» дейді жас отбасының отағасы Рауан мырза.

– Басында есеңгіреп қалдық. Далада қалдық, болдық енді қайда барамыз деп есіміз шықты. Балаларым өте кішкентай, әйелім бала күтіміне байланысты демалыста. Ата-анам мен балаларыммен басында бір ай эвакуациялық пунктте тұрдық. Шынымды айтсам, жаңа үй береді деп ойламадық. Үй бітіп, қоныстойын тойлайтын күнге жеттік. Отбасымызбен қатты қуандық. Құдайға шүкір, үлкен әулетпіз. Енді осы жаңа баспанада бала-шағамызбен қартаюды жазсын, – дейді жаңа үйге қол жеткізіп жатқан Рауан.

Бір мезетте Сырым ауданында 100 отбасыға пәтер кілті табысталды. Осыдан тура 1 ай бұрын 14 отбасы үйлі болған еді. Сырым ауданында 38 үй жаңа орыннан салынып отыр. Бұл ауданның суға кетпейді деген биік нүктесінен салынған үйлер. Қаз-қатар тізілген заманауи, әдемі қызыл кірпіштен салынған үйлер көздің жауын алады. Бұл жер өзі бөлек қалашық іспеттес болып қалған. Аудан тұрғындары бұл жаңа шағынауданды «Қазақстан халқына қорының» құрметіне «Қазақстан халқына» шағынауданы деп атаған. Себебі бұл аудандағы 114 үйдің барлығына да «Қазақстан халқына» қоры демеушілік көрсеткен.

– Барлық қиындық артта қалып, жаңа қонысқа көшіп жатырсыздар. Қоныстарыңыз құтты болсын! Биыл БҚО бойынша су тасқынынан зардап шеккендерге арнап облыс бойынша 775 үй салынып жатыр. Оның ішінде 374-і Орал қаласынан, қалған 401 үй 5 ауданнан салынып жатыр. Қиын-қыстау сәтте өңірімізге қолдау білдірген «Қазақстан қалқына қорының» төрағасы Болат Жәмішев мырза ортамызда тұр. Жалпы, бұл қор соңғы екі жылда облысқа 11 млрд теңге қаражат бөлді, – деп атап өтті Нариман Төреғалиев.

Ал сырымдықтармен кездескен Болат Жәмішев елдің қуанышына құтты болсын айтып, ақ тілегін жаудырды.

– Бұл күн – бәріміз үшін қуанышты күн! Дәл осы тарихи күні сіздердің орталарыңыздан табылғаныма қуаныштымын. Біздің қордың мақсаты да осы. Елдің игілігіне қызмет ету. Біз осы мақсат жолында еңбек етіп келеміз. Мұндай қуаныш Қазақстанның әр өңірінде болады, – деді Қазақстан халқына қорының төрағасы Болат Жәмішев.

Мұндай қоныстой Батыс Қазақстанның басқа аудандарында да жалғасып жатыр. Мәселен, Бәйтерек, Теректі аудандарының халқы да дәл осылай жаңа қонысқа орналасуда. Ал Орал қаласының өзінде 1 400-ден астам отбасы үйлі болып үлгерді. Қаладан үй алып жатқандар – қала маңындағы саяжайлардың тұрғындары. Биылғы су тасқынында Орал қаласының маңындағы 15 мыңға жуық саяжай учаскесі суға кеткен болатын. Су тасқынынан зардап шеккен 10 мыңнан астам адам көмек сұрап өтініш білдірген. Комиссия тұрғындардың өтінішін қарауды, үйлерге техникалық тексеріс жүргізуді әлі жалғастырып жатыр. «Тірі адам тірлігін жасайды» деп судан аман қалған ағайын бас амандығына шүкірлік айтып отыр. «Биыл судан зардап шеккен халықтың бірі де назардан тыс қалмасын» деген Президент тапсырмасына сәйкес облыста қажетті жұмыстар атқарылып келеді.

Батыс Қазақстан облысы

«МОМЫНДАР ЗЫНДАНЫ» – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДРАМА

Елордада А.И. театрының «Момындардың зынданы» қойылымы сахналанды. Бүгінгі күннің өзекті мәселесін тақырыптың өзегі еткен қойылым – Федор Достоевскийдің «Кроткая» повесі желісімен қойылған психологиялық драма. Аталған драмалық қойылым былтыр да сахналанып, көрерменнің ыстық ықыласына ие болған.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бұл спектакль – махаббатынан қайғылы жағдайда айырылған бас кейіпкердің рухани қайта түлеуін зерттеу. Қойылым кезінде көрерменнің ойында туындаған ең маңызды сұрақтың бірі – адам өзінің құндылығын түсіну үшін қолындағы ең қымбат дүниесінен айырылуы керек пе? «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген қағида бұл шығармада көрерменді қалың ойға батырады.

Өмір шындығын, жоқшылық пен қиындықты суреттеген төрт актерден құралған драмалық шығарма камералық спектакльдің түріне жатады. Қойылым басында сөз алған А.И. театрының басшысы Айгүл Иманбаева қойылымның арқау еткен тақырыбы туралы кеңірек айтып өтті.

– Бүгінде біз ÓzgeEpic кретивті хабымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Арамызда тығыз шығармашылық байланыс орнағанына қуаныштымыз. Соның нәтижесінде жаңаша жобаларымызды жүзеге асыруға да мүмкіндік туып отыр. Жақында Лондандағы театр фестивалінде болдым. Дамыған қаншама ел кіп-кішкентай сахнада өз өнерін көрсетті. Сондықтан бізге де мынадай сахнада өнер көрсету – керемет сәттіліктің бірі. Өнерлі жастардан құралған мұндай театр қазақ өнеріндегі үлкен олжа деп ойлаймын. Егер Астана қаласында тәуелсіз театрлар қойылымын көргіңіз келсе, тұрақты көрерменіміз болыңыздар. Қазір Қазақ ұлттық өнер университетін бітірген А.И. театрының өнерлі жастары сахна төрінде өнер көрсететін болады. Айтары бар, берері көп дәл біздің қоғамдағы өзекті тақырып Ф. Достоевскийдің шығармасы арқылы қозғалатын болады, – деді ол.

Көрерменді бір сәт ойға батырып, ойландырып жіберетін қойылым нағыз қазіргі қоғамның дертін дөп басқандай. «Момындардың зынданы» өмір шындығы көркем шындықпен шебер түрленіп, көрерменге ой салады. Қоғамда қарсы алдымыздан шығып жатқан жақын адамдардың арасындағы қарым-қатынас проблемасы бүкпесіз ортаға салынған. Адам жанын аяздай қарып жіберетін өзекті мәселелер сұлу өнерге айналып, одан да өзекті бола түскен. Спектакльдің мазмұнына тоқталсақ, қайтыс болған ата-анасы «момын қызды» екі жағында қолдап, жебеп жүруші періштеге айналады. «Момын қыз» жұмысқа орналасу үшін газеттерге өзінің қолынан келетін барлық жұмысты тізіп жазып, жарнама жасап беруін өтінеді. Алайда жарнама

> *Бұл спектакль – махаббатынан қайғылы жағдайда айырылған бас кейіпкердің рухани қайта түлеуін зерттеу. Қойылым кезінде көрерменнің ойында туындаған ең маңызды сұрақтың бірі – адам өзінің құндылығын түсіну үшін қолындағы ең қымбат дүниесінен айырылуы керек пе? «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген қағида бұл шығармада көрерменді қалың ойға батырады.*

үшін төленетін қаржысы болмай, қолындағы анасынан естелікке қалған соңғы алқасын беруге де дайын еді. Әрине, ол жеткіліксіз. Өзінің бақытты күндерін тұрмысқа шығудан көрген 16 жастағы жалғыз қалған ару өсім алушының ұсынысына келіседі. Әрі қарай шаңырақтағы кикілжіндер, екі ғашықтың арасындағы махаббат сезімінің бір тұтанып, бір сөнуі қайғылы оқиғамен аяқталуына әкеледі.

Шын сүю мен сезімнің күю процесінің арақашықтығы бір-ақ тұтам. Осы аралықтағы екі ғашықтың арасындағы сезімі шынайы бейнеленеді. Қойылым кейіпкері өсім алушы Әмірхан Оразбақ психологиялық шығармада бір эмоциядан екінші эмоцияға бірден көшу актер үшін қиындық тудырғанын айтса, басты кейіпкері «момын қыз» Әнел Төлегенова тағдыр тауқыметіне тап болған қыз бақытын тұрмыстан іздеп қателескенін көрерменге жеткізу басты мақсат екенін түсіндірді. Театр актрисасын әңгімеге тартқанымызда ол мұндай жағдайлар шынайы өмірде қайталанбаса екен дейді.

– «Момындардың зынданын» таңдаған кезде басында екі құрам болды. Яғни, барлық кейіпкер үшін екі актерден таңдалған. Күнделікті дайындық жүріп, әрқайсысы өзін жоғарғы актерлік қабілетімен көрсету керек болды. Премьераға аз күн қалғанда бір құрам бекітіліп, «момын қызды» мен ойнайтын болдым. Спектакльдегі момын қыздың өмірі өте ауыр. 13 жасында әке-шешесінен айырылып, жетім қалады. Одан кейін туған-туысымен қарым-қатынасы үлкен ренішке айналған. Сондағы жалғыз үміті – тұрмысқа шыққаннан кейін жаңа өмірдің басталуына сенеді. Бірақ, өкінішке қарай, ойындағыдай дүние орындала қоймайды. Қойылым момын қыздың өз-өзіне қол жұмсауға мәжбүр болуымен аяқталады. Өзіме берілген рөлді жоғары деңгейде алып шықтым деп ойлаймын. Актерлер арасында «эмоционалды жат» деген түсінік бар. Мен де осы жағдайда кейіпкердің басынан өткен кейбір қиын тұстарды өз әлеміммен байланыстыра отырып, бар ынтаммен ойнадым, – деді актриса Ә. Төлегенова.

Театр актрисасының айтуынша, сахналық қойылымның Ф. Достоевский шығармасынан айырмашылығы – кейіпкерлердің қысқартылып, олардың айтар ойын басты кейіпкерлердің сөзіне қосу, диалогтен гөрі монологтің көбірек айтылуы.

Қойылым мазмұнынан қоғамдағы екі адамның ғашықтық сезімі, тұрмыстағы дау-жанжал мен отбасын сақтап қалуға бағытталған идеяны аңғаруға болады. Бұл қойылымның алғашқы премьерасы былтырғы жылдың 22 мамырында өткен еді. Араға біраз уақыт салып, қойылым актерлері төртінші рет көрерменімен қайта қауышты.

Айта кету керек, қойылым ÓzgeEpic креативті хабында өтті. Еске салсақ, мұндай алғашқы ірі шығармашылық креативті хаб елордада жақында ашылған болатын. ÓzgeEpic хабына бірегей этномұражай мен қолөнер шеберханасы кіреді. Мұнда қонақтарға заманауи арт-спектакльдер, музыкалық және әдеби кештер үшін айырбасталатын зал, сондай-ақ заманауи өнер галереясы, театр алаңы және ұлттық ойындардың ақылды аймағы ұсынылады. Сондай-ақ хаб аумағында қазақстандық баспалардың өнімдерін сатуға арналған кітап дүкені бар.

WORLD ROBOT OLYMPIAD БАСТАЛДЫ

Алматы қаласында робототехникадан World Robot Olympiad халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңі өтіп жатыр.

Командалар адамзат пен табиғаттың бір-біріне қалай әсер ететінін зерттеп, роботтар арқылы адамдардың табиғатпен қалай үйлесімді өмір сүре алатынын анықтады. Жас ғалымдардың бірі Ельдар Жалғасбек пен Мақсат Жиденов өздерінің экологияға пайдасын тигізетін жобаларын таныстырды.

«Біз олимпиадаға ұсынған жұмысымызды экологияға арнадық. Робот суды тазалайды. Каспий теңізінде және басқа да өзендерге орнатуға болады. Шедрлер айналады, сосын контейнерге түседі. Ол толған соң роборука оны кемеге салатын болады. Кеме фабрикаларға апарып, қоқыстан жаңа зат жасайды. Ол заттар сатылып, экологияға да, экономикаға да өз үлесін қосады. Біз бұл құрылғыны 3 күнде жасап шықтық. Бұл ой американдық ютубердің видеосын көргеннен кейін пайда болды. Бірақ оның жұмыс істеу механизмі басқаша, ал біздікі мүлдем басқа», – деді құрастырушылар.

Олимпиадаға еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ден астам оқушы қатысып жатыр.

«Жеңімпаздар халықаралық олимпиадаға жолдама алады. Биылғы маусымның тақырыбы – «Жер-Ана қамқоршылары». Балалар өз жобаларында жерді, табиғатты, суды сақтау, қоқыстан тазарту, пластикалық өнімдерді өндірістен өткізіп, екінші қолданысқа беру тақырыбында балалар өз ойларын білдіреді. Олимпиадаға қатысып жатқан оқушылар RoboMission, Future Innovators, RoboSports және Future Engineers санаттары бойынша бақ сынайды. Балалар қоршаған ортаны қорғауға, қауіпті немесе климаты қатал жерлерде өмір сүруге көмектесе алатын роботтар әзірлеп, сол жұмыстарымен таныстырады, – деді Алматыдағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры Ермек Пайзов.

ЭЛЬБРУС ШЫҢЫНДА – «АДАЙ» КҮЙІ

Ақмола облысының тумасы 26 жастағы Әлібек Қайырбек Эльбрус шыңына шығып, Құрманғазының «Адай» күйін орындады. 5 642 метр биіктікте қара домбыраның әуені шалқып, Қазақстанның Туы мақтанышпен желбіреді.

«Домбыраны мұндай биіктікке көтеру оңай емес. Домбыра жеңіл болғандықтан, сынып қалуы мүмкін. Сол себепті 10 сағаттық жолда суықтан сынып қалмасын деп жылы орап, сөмкеге салдым. Біздің киелі домбыраны әлемге паш етіп, таныстырғым келді», – дейді елордалық Әлібек Қайырбек.

Әлібектің әкесі ұлының үйдің үлкені екенін айтып, бала жасынан домбыраға әуестеніп өскенін атап өтті.

«Көкшетауда туып-өсті, облыс орталығындағы №19 орта мектепте оқыды. 9-сыныптан соң Астана қаласындағы ұлттық өнер университеті жанындағы музыка колледжінің домбыра бөліміне оқуға түсті. Одан әрі білімін «Шабыт» ұлттық өнер университетінде жалғастырды. Оны бітіріп, қазір Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының халық аспаптар оркестрінде домбырашы болып жұмыс істеп жүр», – дейді жігіттің әкесі.

Айта кетсек, әлеуметтік желіде Ақмола облысының тумасы Әлібек Қайырбек есімді домбырашының Эльбрус шыңында Құрманғазының «Адай» күйін орындағаны туралы бейнеролик тарап, көпшіліктің таңданысын туғызды.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4489
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Бердібек ҚАБАЙ